

# АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ, АСҚАҚТА КӨК БАЙРАҒЫМ!

ДІН ЖӘНЕ БІЗ



Қазақ мәдениетіндегі ислам діні

3

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА



Қалдықты өңдеу үлесі артады

4


КЕЛБЕТ



Пациент пен фельдшер

5

ЖАҢА НЫСАН



Ауылдағы стадион

8



# Сыр бойы



№129-130 (19807-19808)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 тамыз / ЖҰМА / 2019 жыл

[www.facebook.com/syryboyi.kz/](https://www.facebook.com/syryboyi.kz/)

<https://twitter.com/syryboyi>

[www.instagram.com/syryboyikz](https://www.instagram.com/syryboyikz)

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті қызылордалықтар!**

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қастерлі Ата Заңымыз – тәуелсіздігіміздің тірегі, табысты дамуымыздың кепілі. Ол бейбітшілік пен берекелі өмірдің, заңның үстемдігі мен әділеттіліктің тұғыры болып саналады.

Елбасы айтқандай, «Еліне деген шынайы махаббат пен патриотизмді терең сезінбей тұрып, нағыз азамат та, нағыз тұлға да болмайды». Сол себепті, елінің заңын құрметтеп, қастерлей білу әрбір қазақстандықтың қасиетті парызы деп есептеймін.

Егемен еліміздің өсуі мен қалыптасу жылдары ізденіс пен жетістік кезеңі болғаны баршаңызға мәлім. Конституция осы уақыт ішінде талай белестерді бағындырған мемлекетіміз бен қоғамымыздың одан әрі дамуының ұйытқысы болды. Бүгінде уақыт сынынан сүрінбей өткен Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орнын алып отыр.

**Қымбатты жерлестер!**

Мерейлі мерекемен құттықтай отырып, Сыр жұртшылығына бейбітшілік пен ынтимақ, бақ-береке, зор денсаулық, мол табыс тілеймін!

Ата Заңымыздың құмыры ұзақ, тұғыры берік болсын! Еліміздің абыройы мен мәртебесі асқасқасын! Қызылордамыз көркейіп, дами берсін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,  
облыс әкімі **ҚЫСҚАҚОВ**

## Тұрақты татулық пен берекелі бірліктің кепілі

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Конституция күніне арналған салтанатты шара өтті. Айтулы мерекемен сырбойлықтарды облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов құттықтады.

Назерке САНИЯЗОВА.



Конституция – мемлекет іргесін бекітумен қатар, оның халықаралық құқықтық кеңістікте ұдайы өркендеуін қамтамасыз ететін негіз. 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Ата Заң кеңестік қағидаттарға негізделуіне байланысты жаңа заман талаптарына жауап бере алмады. Ал тәуелсіз еліміздің 1995 жылғы жаңа Конституциясын қабылдау халық таңдауына берілді және қазақстандықтар оны бірауыздан қолдады. Онда тұңғыш рет азаматтың ғана емес, адамның туабітті өмір сүруге, ар-ожданның ерікті болуына қатысты абсолютті құқықтары норма ретінде енгізілді.

– Конституция тағдыры ортақ, тілегі бір Қазақстан халқының бірлігін нығайтып, тұрақты татулық пен берекелі бірлікті қалыптастырды. Қазақстан әлемдік аренаға танымал болды және әлем картасынан лайықты орнын алды. Конституция – қағаз жүзіндегі құжат емес, ол – елдің, халықтың, әрбір азаматтың өмір сүру ережесі. Ата Заңның өзекті ережелеріне сүйене отырып, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатымен ел тағдыры үшін өмірлік маңызы бар жаңарулар жүргізілді. Бүгінгі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Тәуелсіз

еліміз жаңаша қадамға жол ашып келеді, – деді аймақ басшысы.

Басты құқықтық құжат аясында бүгінде халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында қарқынды шаралар қолға алынды. Тұрмысы төмен, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар мен отбасылар атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үйлермен қамтамасыз етілуде. Президент Жарлығымен өмірлік қиын жағдайда қалған тұрмысы төмен көптеген қазақстандықтың несиелері бойынша борыш жүктемесі кешіріледі. Жоғары және кәсіби орта білім алуға ниетті жастарға арналған мемлекеттік грант түрлері көбейіп келеді. Мұғалімдер жалақысының кезең-кезеңінен төрт жыл ішінде екі есе өсетіні сала қызметкерлеріне серпін бергендей. Бұл игіліктер ел тәуелсіздігінің кепілі саналатын Конституцияның экономиканы нығайтып, әлеуметтік әлеуетін арттырудағы орнын айқатқасқа керек.

Ел өміріндегі елеулі мерекеге арналған салтанатты кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзенін дирижерлік етуімен Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, облыстық филармония әншілері Самал Байсейітова, Айдос Иманжаппаров, «Томирис» би ансамблі ән-биден шашу шашты.



## Партия жұмысын жаңғырту жалғасады



Сейсенбі күні Қызылорда облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен партия активінің жиыны өтті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Мәжіліс бірқатар кадрлық өзгерісті таныстырудан басталды. Атап айтқанда, Наурызбай Байқадамов – облыс әкімінің орынбасары, Ғалым Әміреев облыс әкімі аппаратының басшысы қызметіне тағайындалды. Наурызбай Сейіткалиұлы 2016 жылдан бері облыстық мәслихат хатшысы болса, Ғалым Махмұтбайұлы Жаңақорған ауданын басқарған. Ал мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы лауазымына Нұрман Талқанбаев тағайындалды. 2012 жылдан бері ол облыстық статистика департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарып келген. Аймақ басшысы жана лауазым иелерін құттықтап, тілектестік білдірді.

Жиында партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысына да көтерілген өзекті мәселелер, Елбасының «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» бағдарламасының орындалу барысы талқыланды.

Аймақ басшысы бағдарламаны жүзеге асыру өңір үшін басым міндет екенін атап өтті.

– Қазақстанның Тұңғыш Президенті ұсынған бағдарлама партия жұмысын жүйелі жаңғыртуға бағытталған. Ол саяси ұйымның белсенді мүшелерін топтастыру, яғни партияның ядролық электоратын қалыптастыру, бастаушы ұйымдардың ролін көтеру, жемқорлықпен күресті күшейтуді қолдайды. Сондай-ақ, партия органдарының әлеуетін пайдалану, биліктің партия алдындағы жауапкершілігін арттыру, ақпараттық-идеологиялық жұмысты қарқынды ұйымдастыру және жетекші ұйым

2-бет.



## 293 мектепте «Алғашқы қоңырау» соғылады

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің мәлімдеуінше, 1-сызкүйек келгендіктен, ол күні сабақ болмайды. Республикамыздың барлық мектептерінде салтанатты сап түзеу шарасы өткізілді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Қоңыр күздің алғашқы күнінде еліміздің барлық білім беру ошағы оқушыларға есігін айқара ашады. Жаңа оқу жылында облыстағы 293 мектепке 164500 оқушы келеді деп күтілуде. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 мыңға көп.

Былғы жылдан бастап мектепке қабылдау, ыстық тамақпен қамту, лагерьге жолдама беру қызметтері автоматтандырылды. 2020 жылдан бастап министрліктің жоспарына сәйкес, білім беру мекемелері жан басына қаржыландыру механизміне көшеді. Қаржыландыру енді мектепке емес, әрбір оқушыға бағытталды. Жанартылған білім беру мазмұнына 4, 9, 10 сыныптар көшуге дайын. Оларға оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алу үшін жергілікті бюджеттен 1,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ, 10-сынып оқушылары «Графика және жобалау», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» сынды жаңа пәндер оқиды. Алғашқы әскери дайындық курсының мазмұны толық өзгертіліп, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» деген жаңа атаумен оқытылады. Ал 9-сыныптар функционалдық сауаттылыққа негізделген жаңа форматтағы мемлекеттік емтихан тапсырады.

Қаладағы №10, 12, 187, 278 мектептерге IT-лицей статусы берілді. Облыстық бюджеттен информатика және робототехника үйірмелерін жүргізуге қосымша қаржы бөлінді, компьютерлермен жабдықталды.

Жаңа оқу жылында 1450 оқушыға арналған 3 жеке мектеп ашылды. Сонымен бірге 600 арнайы мектептің құрылысы аяқталып, қазан айында пайдалануға берілді.

Бүгінде 667 мектепке дейінгі ұйымда 61 мың бала тәрбиеленуде. Осы жылы өңірде 4 типтік жобадағы балабақша ашылды. Тағы бір жаңалық, балаларды ерте жастан дамыту бағдарламасы енгізіліп, балабақшаға бару кестесі жаңартылды.

Бұл күн әсіресе, 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршіндер үшін маңызды. Дәл осы сәттен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адамның жеке тұлға ретінде қалыптасу кезеңі басталады. Жалпы, өңірде 21 мыңнан астам бала мектеп табалдырғын алғаш рет аттағалы отыр. Ендеше, тарыдай болып кірген кішкентайларға келешекте таудай азамат болып шығуына тілектеспіңіз!

2-бет.

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 120 жыл

## Мұнайшылардың төл мерекесі



Қазақстанның кара алтынды бұрғылауына биыл 120 жыл толып отыр. Мұнайшылардың төл мерекесі тарихи мерейтоймен тұспа-тұс келді. Осыған орай Н.Бекежанов атындағы драма театрда мұнай саласының мамандарына арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс

әкімі Қуанышбек Ысқақов, мұнай компаниялары және сала ардагерлері қатысты. Аймақ басшысы мұнай-газ саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен және Қазақстан мұнай өнеркәсібінің 120 жылдығымен құттықтады.

2-бет.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 36-сессиясы 2019 жылғы 05 қыркүйекте сағат 16:00-де Облыстық мемлекет үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: Облыстық мәслихат.

1. Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, мәслихат хатшысы Н.Байқадамовтың өкілеттігі туралы.  
2. Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысын сайлау туралы.

Облыстық мәслихат.

**ТАҒАЙЫНДАУ**

**ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ**

Облыс әкімінің оқимімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Байқадамов Наурызбай Сейіткалиұлы облыс әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.



**Н. Байқадамов** 1967 жылы туған. Н. Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген. Тарих ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің академиялық доценті. Еңбек жолын 1991

жылы Сырдария ауданындағы №139 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі ретінде бастаған.

1994-2003 жылдары – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, аға оқытушысы,

кафедра меңгерушісі. 2003-2008 жылдары – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жанындағы колледж директоры, «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының орынбасары. 2008-2016 жылдары – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің тәрбие жөніндегі проректоры, облыстық білім басқармасының басшысы, «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары. 2016 жылдан бастап осы кезге дейін облыстық мәслихат хатшысы болды.

**ОБЛЫС ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ**

Облыс әкімінің оқимімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Мәмүтбайұлы облыс әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалды.



**М. Мәмүтбайұлы** 1970 жылы туған. Мәскеу экономика-статистикалық институты мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін бітірген. Еңбек жолын «Қыз-

мет» акционерлік қоғамының менеджері ретінде бастаған.

2001-2011 жылдары Қазақстан Республикасының Эконо-

мика және сауда министрлігінде, Индустрия және сауда министрлігінде, сондай-ақ, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінде жауапты басшылық лауазымдарда қызмет атқарған. 2012-2016 жылдары «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы Инновациялық саясат департаментінің директоры, облыс әкімінің орынбасары болған. 2016 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқарып келді.

**СЫРДАРІЯ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ**

Облыс әкімінің оқимімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Сырдария аудандық мәслихатының келісімі бойынша Сырдария ауданының әкімі лауазымына Рүстемов Руслан тағайындалды.



**Р. Рүстемов** 1968 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Еңбек жолын Қызылорда педагогикалық институтының Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы ретінде бастаған.

1997-2002 жылдары – Қызылорда қаласы әкімінің аппаратында маман, консультант, қала әкімінің баспасөз хатшысы, қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, қала әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі.

2002-2008 жылдары – облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, облыс әкімі аппаратының әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі, Шиели ауданы әкімі аппаратының басшысы, Шиели ауданы әкімінің орынбасары. 2010-2016 жылдары облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, екі мәрте облыстық ішкі саясат басқармасын басқарған, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Жаңақорған ауданының әкімі болған. 2016 жылдың тамыз айынан бастап осы кезге дейін облыс әкімінің орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

**ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ**

Облыс әкімінің оқимімен және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Жаңақорған аудандық мәслихатының келісімі бойынша Жаңақорған ауданының әкімі лауазымына Мақашов Сұлтан Ысқақұлы тағайындалды.



**С. Мақашов** 1961 жылы туған. Қазақ химия-технологиялық институтын және Қызылорда экономика, экология және құқық университетін бітірген. Еңбек жолын 1978

жылы Қазалы ауданы Жаңақазалы коммуналық кәсіпорындар комбинатында слесарь ретінде бастаған.

1984-1992 жылдары – Қазалы аудандық №86 жылжымалы механикаландырылған колонна бригадир, шебер, аға прораб.

1992-1995 жылдары – №2 азаматтық құрылыс мекемесінде бас инженер, №86 жылжымалы механикаландырылған колоннаның жоспарлау бөлімінің бастығы. 1995-2015 жылдары – Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Қазалы ауданының бас сәулетшісі, Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы Қазалы филиалының директоры, Қазалы ауданы әкімінің орынбасары. 2015 жылдың маусым айынан бастап осы кезге дейін Қармақшы ауданының әкімі лауазымында қызмет атқарып келді.

# Партия жұмысын жаңғырту жалғасады

Партия қызметін жандандыруға байланысты атқарылатын шараларға «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ақмарал Әлназарова кенінен тоқталды.

Елбасы тапсырғандай, біз негізінен партия мүшелерінің санына емес, сапасына басты назар аударып отырмыз. Шағын ұйымдар ірі бастауыш ұйымдарға біріктірілді. Нәтижесінде өңірдегі 272 бастауыш ұйымның 20-сы қысқартылды. Облыстағы 51350 партия мүшесінің құрамына талдау жасалды. Жыл басынан бері жарнапұл төлемеген және партиямен байланысы үзілген 4083 адам партия құрамынан шығарылды, – деді ол.

Облыстық филиал жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрайымы Аида Әбуллаева партиялық бақылаудың ролі мен қызметі туралы баяндады. Комиссия партиялық органдардың қызметіне қаржылық және шаруашылық қадағалау шараларын жүргізеді. Тиісті заңнамалар, партия жарғысы мен бақылау-тексеру комиссиясының ережесіне сәйкес жұмыс атқаралы.

Қазіргі күні барлық аудандар партия жанынан 70-тен астам адамды қамтитын осындай органдар құрылған.



Жыл басынан бері партиялық бақылаушылар бірқатар көптеген ұйым мен кәсіпорында рейд жүргізді. Атап айтқанда, мектеп асханаларында тағам сапасы тексерілді. Сонымен қатар, бюджет-

пен қомақты қаржы бөлінген 50-ден астам нысан назарда болды. Елбасы жүктеген тапсырмаларды орындаудағы бастауыш партия ұйымдарының ролі жөнінде «Дарын» бастауыш партия ұйымының

төрағасы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры Бақытжан Сайлыбаев пікір білдірді. Оның айтуынша, мұндай ұйымдарға жергілікті тұрғындардың негізгі мәселелері, оларды шешу жолдары жақсы таныс.

«Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі, И.Өбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің директоры Ибадулла Құттықожаев, «Jas Otan» жастар қанаты Жалағаш аудандық бөлімшесінің басшысы, аудандық жастар ресурстық орталығының бөлім меңгерушісі Нарбота Сералы партия жұмысын жетілдіруге байланысты ұсыныстарын білдірді.

Жылы барысында аймақ басшысы «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» бағдарламасын жүзеге асыру, оның ішінде «Жас Отан» жастар қанатының жұмысын қолдау бойынша бірқатар тапсырма берді.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

# Мұнайшылардың төл мерекесі



– Осыдан I жарым ғасырдан астам уақыт бұрын мұнайдың алғашқы тамшысы АҚШ-та алыныса, 40 жыл өткен соң қазақ жерінде де кара алтын шыға бастады. Қазактың дархан даласы қазба байлықтарға бай екені барша әлемге аян. Отанымызда Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 60-тан аса түрі өндіріледі. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан 186 мемлекеттің ішінде вольтфрам, корғасын, барий қоры бойынша I, ал мұнай жағынан 12-ші орында тұр. Бүкіләлемдегі мұнай қорының 2 проценти Қазақстанның үлесіне тиесілі. Сыр өңірі де қазба байлықтарға бай. Бұл – бізге берген тәңірдің сыйы. Кезінде «Күмкө» кенішінің ашылуы – Сыр өңірінің мұнайлы өлке ретінде дамуы мен өнеркәсіптік аймаққа айналуының негізін қалады. Өңірімізде

толықтай мұнай-газ кластері қалыптасты. Содан бергі уақытта Сыр мұнайы экономиканың дамуына зор үлесін тигізді. Өңір экономикасының негізгі локомotive болды. Өкінішке қарай, соңғы 6 жылда облыста мұнай өндіру көлемі 4,3 млн тоннаға қысқарды. Болжам бойынша, биылғы жылы тағы 1,1 млн тоннаға қысқарды деп отырмыз, – деді облыс әкімі.

2019 жылдың I жартыжылдық қорытындысы бойынша, кен өндіру өнеркәсібінде ішкі шикі мұнайдың үлесі 87,4 процент, газдандыру үлесі 64 процентті құрайды. Өңірдегі өнімнің 35 проценти және барлық өнеркәсіп өндірісінің 70-тен астамы мұнай өнімдеріне тиесілі екенін ескерсек, бұл экономиканың барлық салаларына тікелей және жанама әсер ететіні белгілі. Соған қарамастан өңіріміздегі мұнай



компаниялары тоқтаусыз жұмыс істеуде. Мұнай компанияларынан өңір бюджетіне түскен салықтың ең көп мөлшері 2013 жылы 527 млрд теңгені құраса, ең аз мөлшері 2016 жылы 88,6 млрд теңге болды. Ал өткен жылдың жеті айында 123 млрд, 2019 жылдың осы мерзімінде 164,5 млрд теңгені құрап, 41 миллиардқа көтеріліп отыр. Қазіргі таңда аймақта 22 компания жұмыс жасама, оның 11-і өндірумен, 11-і барлаумен айналысады.

Сарапшылардың айтуынша, өңірдің мұнай-газ саласының ресурстық әлеуетін одан әрі арттыруға перспективалы шөгінді бассейндер мен Арал теңізінің акваториясын кең ауқымды зерделеу ықпал ететін болады.

– Қазірдің өзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен Қызылорда облысының әлеуметтік-

экономикалық дамуының кешенді жоспары бекітілді. Кешенді жоспарда «Шы-Сарысу», «Оңтүстік-Торғай», «Сырдария» шөгінді бассейндерін геологиялық зерттеу де қамтылған. Онда көмірсутек қорларын анықтау қарастырылған, – дей келе, аймақ басшысы облыстың ірі компанияларын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде жаңа кен орындарын барлау бойынша бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Шарада мұнай саласының құрметті ардагері, «Қазақстанның Еңбек ері» Ұзақбай Қарабабин әріптестерін құттықтады.

– Сіздерді Энергетика министрлігінің, «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының және «Қаз-Энерджи» қауымдастығының атынан Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен құттықтаймын. Бұл күннің еліміз үшін тарихи маңызы зор. Себебі мұнай-газ секторының экономикамыздың дамуына қосқан үлесі айрықша, – деді.

Мұнан соң өңіріміздің мұнай-газ саласының үздік қызметкерлері «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерекелік медалімен, ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» және «Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

Кешке орталық алаңда мұнайшылар күніне арналған эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт өтті.

Айсауле ҚАРАПАЕВА. Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

# Семей полигонының жабылуы – Тәуелсіздіктің теңдессіз жеңісі

Кеше А.Токмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Семей ядролық полигонының жабылғанына 28 жыл толуына арналған «Семей полигонының жабылуы – Тәуелсіздіктің теңдессіз жеңісі» атты облыстық конференциясы өтті.

Тәуелсіз ел ретінде Қазақстанның алғашқы қабылдаған тарихи шешімдерінің бірі – ғасырға жуық ядролық сынақ өткізіп келген Семей ядролық сынақ алаңының жабылуы болды. Кемел ойдан туған кеменгер шешім тәуелсіз Қазақ елінің әлемдік өркениетке бейбітшілікті жақтайтын мемлекет ретінде қадам басқанын көрсетті. Биылғы жылы ғасырға жуық уақыт адамзат баласын алаңдатып келген Семей полигонының жабылғанына 28 жыл толды.

Конференцияның басты бағыт-бағдары да осы. Аталған іс-шарада облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Т.Маханов модераторлық жасап, «Невада-Семей» қозғалысы туралы тың деректерді ұсынды.

Бүгінгі таңда сол бір күндердің куәгерлері арамызда жүр. Осы азаматтардың мүддесін қорғаушы болып табылатын қоғамдық бірлестіктер облыстың әлеуметтік-саяси өміріне белсене араласып келеді, - деді Талғат Тольбайұлы.

«Невада-Семей» қозғалысының облыстық филиал төрағасы Әбіш Сәбит және «Невада-Семей» халықаралық ядроға қарсы қозғалысы облыстық филиал директоры Рахымжан Мантенов баяндама жасады.

Жылы барысында қоғамдық қордың мүшелері марапатталды.

«СБ» ақпарат.



**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ**

Талқанбаев Нұрман Бақбергенұлы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.



**Н. Талқанбаев** 1960 жылы туған. Қарағанды кооперативтік институты мен Оңтүстік Қазақстан ашық университетін бітірген. Еңбек жолын Қазалы

аудандық тұтыну одағының жұмысшысы ретінде бастаған.

1995-2007 жылдары Қазалы ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда

облысының мемлекеттік сатып алу және сауда басқармасының басшысы, Жалағаш және Қазалы аудандарының әкімі болған.

2010-2012 жылдары – «Казэросервис» акционерлік қоғамының директоры, Қызылорда облысы статистика департаментінің бас маманы.

2012 жылдан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы статистика департаменті басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

Ортақ тарихи тағдыр біріктірген біртұтас халықтың байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, Ата Заңын қабылдағанына биыл 24 жыл толды. Еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам құрып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алған елдің ең басты мерекелерінің бірі – Конституция күні. Кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі мен құндылықтарын айқындайтын негізгі құжаты – сол елдің Ата Заңы. Ол қабылданған күнді жыл сайын мемлекеттік мереке ретінде атап өту Конституцияға деген құрметтен туындаған.

Гүлжазира ЖАҒАСОВА.



БРИФИНГ

Өңірде металлургия кешені құрылады



Ринат Қалдыбекұлының айтуынша, биыл индустрияландырудың екінші бесжылдығын аяқтай отырып, 28 жобаның 11-і іске қосылатын болады.

Шелі ауданындағы тампонажды цемент зауыты бүгінде 5 түрлі өнім шығарып, 100 мың тоннадан астам цементті көрші үш өңірге – Түркістан, Ақтобе, Алматы облыстарына сатып үлгерсе, шілде айынан бастап Өзбекстанға 7,5 мың тонна өнім экспортталды. Осы және облыстың индустриялық-инновациялық даму саласындағы жетістіктер туралы облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтанғереев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Шынар БЕКБАН.

тартапандыру мақсатында өңірде металлургия кешенін құру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта екі жоба жүзеге асырылуда. Оның бірі – «Шалкия» қорғасын-мырыш кен орны және «Баласуаускандық» ванадий кен орнын игеру жобалары, – деді ол.

Оған қоса, мамыр айынан бастап өңірде ет комбинатының құрылысы басталды. Бұл жылына 5 мың тонна етті терең өңдейтін комбинат болмақ.

Негізгі өнім экспортқа бағытталған, өнімі вакуумды қаптамада шығарылады. Басқарма басшысы аймақта тұза деген сұраныстың артуына байланысты жаңа испан цехын ашу ісі басталғанын жеткізді. – «Аралтұз» акционерлік қоғамы биыл өнімге сұраныстың жоғары болуына байланысты 3-ші испан цехын салу мәселесін қарастыруда. Биылғы жылы кәсіпорын өндіріс көлемін өткен жылмен салыстырғанда 25 процентке арттыруда, – деді Р.Сұлтанғереев. Аймақтағы өңірде индустрияландыру картасы аясында 28 жоба өз деңгейінде орындалуда. Аткарылған жұмыс нәтижесінде 6 айдың қорытындысымен өңірге тартылған жалпы инвестиция көлемі 180 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге өскен. Ал, өсу динамикасы бойынша Қызылорда облысы аймақтар қатарында алғашқы орында.

Жасампаз дәуірдің тұғырлы тірегі

«Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Бұл – Қазақстан Республикасы Конституциясының I-бабы. Ата Заңда мемлекет үшін адам капиталының қанағалықты маңызды екенін нақты әрі анық көрсетілген. Осы арқылы Қазақстан әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік құқық алды.

Тарихи шешім қабылдаған сол күннен бері еліміздің құқықтық өмірінде жасампаз жаңа дәуір басталған еді. Содан бері Ата Заң тәуелсіздіктің тірегіне, дамуың қайнар бастауына айналды. Мемлекет пен қоғамдағы барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуын жеделдетті. Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығу талпыныстарына Конституция негіз болып келеді. Ата Заңды қабылдаудың маңызы туралы Елбасы «Қазақстан жолы» кітабында «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарық болушы болушы деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатуының негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын» деп жазды.

Ата Заңды қабылдаудың маңызы туралы Елбасы «Қазақстан жолы» кітабында «Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бізге бүгінгі өмір шындығымен және алдағы уақытпен бірге қадам басып, өткен ұрпақтың іс-тәжірибесі мен жарық болушы болушы деген сенімді жинақтаған Негізгі Заң қажет болды. Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы ашық және демократиялық қоғам орнатуының негізгі принциптерін баянды етуге тиіс болатын» деп жазды.

Конституция деген сөздің өзі «құрылым» дегенді білдіреді, яғни бүтін бір елдің бір идеяға, бір түр астына бірігіп, мемлекет құруы. Дала демократиясы өркендеген қазақ жерінде Ақтан орда дәуірінде Шыңғысханның «Ясасы», Қазақ хандығы тұсында «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» салтанат құрды. Әділет туралы айтқанда ауызға алдымен ілінітін «Қара қылды қақ жару», «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешу», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде

иман жоқ» сияқты мәтелдеріміз «Қасым ханның қасқа жолындағы» заң тармақтарынан алынған. Қасым хан көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына негізделген тәртіп орнатты. «Есім ханның ескі жолы» жерге, малға байланысты ережелерді, мүлктік қатынастарды, ұрлық, кісі өлтіру, қасақана жаракат келтірудің жазаларын, әйелдердің қоғамдағы жағдайын, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар мен кедейлерге көмектесу туралы мәселелерді қаралды. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» аты айтып тұрғандай, жеті заңнан құралды. Жер дауы, отбасы-неке, әскери, сот, қылмыстық істер, күн, жесір дауы заңдарында осы жағдайларға қатысты мәселелер осы жарғымен реттелді.

Кенес Одағы кезінде Қазақстанда 1924 жылы, кейін 1937 және 1978 жылдары Конституция қабылданды. Тәуелсіздік алған соң 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Ата Заң өмірге келді. Дегенмен, ол кеңестік демократия қағидаларына негізделгендіктен, кейбіреуі нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сай болмады. Қазіргі қолданыстағы Ата Заң – әлемдегі ең жас, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі. Бұл жөнінде Елбасы «1995 жылғы Конституция тақыр жерде пайдалануға қажет» деген мақаласында былай дейді: «Ата Заң – елге менің досым және бәріміздің қорғанысы ретінде қарастырылған құрылым. Оның негізінде елді қорғау және даму мақсатында құрылымды өзгерту қажеттігі туралы шешім қабылданады».

Біздің Конституциямыз бүкілхалықтық талқылаудан кейін қабылданғандығымен де құнды. Елдің негізгі құжатын көпшілік пікірін ескере отырып қабылдау тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет іске асты. Оны талқылауға 3 миллионнан астам адам қатысқан. Жұртшылықтан түскен 31 мыңнан астам ұсыныстың мыңнан астамы Конституция жобасына енгізілген. 1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 проценті қатысты. Олардың 89,14 проц-

центі жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. Соңғы жылдары Конституцияға өзгерістер енгізіліп, еліміздегі демократиялық реформалар тереңдей түсті. Мемлекетіміз президенттік-парламенттік басқару тұрпатына көшті. Енді елімізде партиялық сайлау жүйесі енгізіліп, Парламент Мәжілісінің сайлауы жаңа сайлау ережелері бойынша жүзеге асырылды. Бас құжатта адам құқықтары мен бостандықтары жоғары бағаландықтан, бұл принцип салалық заңнамаларда да көрініс табуда.

Кеңес дәуірінде заң бұзған адамды бұзақы ретінде көру стереотипі қалыптасқан еді. Қазір керісінше, кінәсіздік презумпциясы басшылыққа алынады. Өйткені Конституцияда тұлаға құрметпен қарау, оның жеке құқықтарын таптамау, сот пен заң алдындағы теңдік, жалпы теңдік қағидалары таяға таңба басқандай белгіленген. Мемлекеттің азаматтығын алған адамның азаматтық құқықтарына қоса, тиісті міндеттері де белгіленеді. Конституция бойынша біздің елдің азаматы орта білім алуға, заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеуге, Отан қорғауға міндетті.

Еліміз бен Тәуелсіздіктің тірегі – Конституцияның қатаң ұстану, құрметтеу, қорғау, барлық талаптарын сақтау әрбірімізге міндет әрі парыз. Бұл жайында Елбасы «Конституцияның қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының сәйкес келетін ең прогрессивті шетелдік тәжірибелерді барына толық пайдаланған еді. Сондықтан да, кімде-кім еліміздің негізгі заңын бұзса, оны қатаң тәртіппен қолдануымыз керек. Конституцияның сыйлай білмесек, оның талаптарын мүлтіксіз орындай алмасак, онда қоғамдық келісімге, тәртіпке, бейбітшілікке және тыныштыққа жету мүмкін болмайды, яғни мұндай жағдайда Отанның ырыс-берекелі болашағы туралы айтудың да қажеті жоқ» деп атап көрсеткен.

Тәуелсіз мемлекеттің тамына данғыл болған, бетке алған бағдарына жарық түсірген Ата Заң демократиялық, құқықтық мемлекет құру жолында мығым заңдық негіз болып келеді.



Ант қабылдады

Конституция күні қарсаңында ҚР ІІМ облыстық мамандандырылған құзметі басқармасының 6 қызметкері Отанға және кызметке адал болуға ант берді.

Рәміздер алаңында өткен салтанатты шарада басқарма бастығы, полиция подполковнигі Дәуіржан Пшанов жас кызметкерлердің жұмысына сәттілік тіледі. – Қатардағы кызметкер болу – бәріміздің қолымыздан келеді. Осындай қиындығы мол, жауапкершілігі зор міндетті мойнына алып, ел қауіпсіздігі жолында ізгі із қалдырыңыздар. Адалдық туын көтеріп, Ата Заңның сақталуына ықпал етіп, кәсіби өрлеу арқылы өзге өріпестерге үлгі болатындарыңызға сенемін, – деді ол.

Бес жүзге тарта азамат жұмыс істейтін мекемедегі бұл күн ант қабылдағандар үшін есте қаларлықтай болды.

Жинға қатысқандар кызмет бабында жүріп, өмірі қиылған құқық қорғаушылардың құрметіне бір минут үнсіздік жариялады. Сонымен қатар, ел алдындағы міндетті абыроймен орындап, биік белестерді бағындырып жүрген кызметкерлер алғыс хатпен марапатталды.

«СБ» ақпарат.

Жаңа жоба жастарға жол тартты

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жаңаұзақовтың қатысуымен брифинг өтті. Онда басқарманың I жартыжылдықта атқарған жұмыстары сараланды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Басқарма басшысының айтуынша, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 процентті құрайды. Соңғы бес жылда бұл көрсеткіш тұрақты төмендеуде. Ал NEET санатына жататын жастар санының көрсеткіші 6,4 процентке төмендеп, 8,3 процентті көрсетуде.

– Биыл мемлекеттік жастар саясатын қаржыландыруға жергілікті бюджеттен 596 млн 444 мың теңге бөлінді. Облыс бойынша 48 әлеуметтік жоба жүзеге асуда, оның 30-ы қала мен аудандарды қамтиды. Бөлінген қаржы мақсатты түрде жұмсалуда. Сонымен қатар, тұрмысы төмен отбасынан шыққан, күндізгі бөлмеде оқитын 3533 студентке қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруге облыстық бюджеттен 91 млн 840 мың теңге қаржы бөлінді. Қазіргі уақытта 3450 студентке жартыжылдыққа жеңілдіктер берілді, – деді Қуаныш Қуантқанұлы.

Өңірде мемлекеттік бағдарламалардың басымдықты бірінісі кезекте жұмыссыз жастарға беріледі. Осы ретте өткен жылы 12 мыңнан аса жас бағдарламалардың иегілігін көрді. Биыл «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасына 5390 жас қатысқан, оның 3234-і ауылдықтар. Бұл көңіл қуантарлық жағдай. Себебі, ауыл жастарының белсенділігі танытымы, кәсіп ашуға деген ұмтылысы жастар арасындағы



денгейін төмендетіп қоймай, түрлі мәселелердің шешім табуына өз септігін тигізбек. – Бүгінде аймақта 10 жастар ресурстық орталығы жұмыс жасайды. Онда 109 маман бар. Биылғы жылдың басты ерекшелігі мамыр айында сол жағалауда «Жастар орталығы» іске қосылды. Жастар жылына орай ашылған орталықта ІТ-парк, хакспейс, антикафе, интернет-кітапхана, жаттығу залы, коворкинг, фитнес орталық, жастарға әдістемелік қызмет көрсету бөлмесі, 330 адамға арналған кофункционалды зал, жастардың шығармашылығын дамыту орталығы жұмыс істейді. Мұның барлығы облыс жастарына жасалған қолдау деп білемін. Біз осы мүмкіндіктерді пайдалана білуіміз керек, – деді басқарма басшысы.

Аймақ айналым – үйлестіру кезеңі. Онда аудандардағы жастар ресурстық орталықтарының бір қызметкерді алып, жоба бойынша оқытылады. Екінші кезең – StartUp-Week-end-те облыстың барлық ауданы бойынша 400-ден астам қатысушылар арасынан іріктеу жүреді. Оған кейінгі тур – Camp-work. Бұл кезеңде жартылай финалға іріктелген 80 қатысушымен бизнес лагері ұйымдастырылады, кәсіпкерлермен кездесу болады. Төртінші кезеңде, яғни финалда үздік деп танылған 20 жоба инвесторлардың алдында қорғалып, жеңімпаз деп танылған жобаға инвесторлық қолдау көрсетіледі. Аймақта бірінші мәрте қолға алынған жоба жеңімпаздарына арнайы сыйақы тағайындалған. I орынға – 500 мың, II орынға – 250 мың, III орынға 150 мың теңге табыстады. Байқауға қатысу үшін www.kuzylordahub.kz сайтына кіріп, өтінім жолдау керек. Бұл жоба жастардың өз кәсібин бастан-аулақ мүмкіндік туғызбақ.

ДІН ЖӘНЕ БІЗ

Қазақ мәдениетіндегі ислам діні

Ислам діні қазақ даласына 751 жылғы Атлаш шайқасында (бұл қақтығыс араб әскері мен қытай арасында болған) араб қолбасшысы Қутайба ибн Муслимнің жорығынан бастау алып, қазіргі Түркістан облысы аумағынан Сыр бойына дейін кеңінен тарала бастайды. Қарахандық дәуірінде ислам дінінің ролі күшейіп түскен. Сол кезеңдерден бастап қазақ халқының күнделікті өмір сүру салтына сіңіседі.



Ислам дінінде «ғұрф» деген сөз бар, яғни бұл қазақ тілінде қолданылып жүрген «ғұрып», «салт», «дәстүр» сөздерімен синонимдес термин. Шариғи мағынада «ғұрф» деген нәтуа шығару барысында Құран мен сүннеттегі басты қағидаларға қайшы келмейтін тұсын ескеріп, жергілікті халықтың менталитеті мен салтына қарай өмір сүру ережелерін бекіту болып табылады. Ислам діні халықтың салт-дәстүрін ескерген. Осыған сәйкес сунниттік бағытта 4 мәзһаб қалыптасқан. Олар: Ханафи, Малики, Шафиғи, Ханбали мәзһабтары. Бұл мәзһабтардың ішінде алғашқысы әрі кеңінен таралғаны – Әбу Ханифа мәзһабы. Оның пайда болу алғашырағы әуелі Құран мен Пайғамбар сүннетінен сақтан қалу болса, екіншіден жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктері мен

салт-санасын ескере отырып, дін мен дәстүрді сабақтастыру болды. Қазіргі таңда Ханафи мәзһабы Орталық Азия мұсылмандарының басым көпшілігі ұстананды.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей кейбір ғұрыптар тарих келмейтін тұсын ескеріп, өміршеңдігін жоғалтпағандары да бар. Қазақ даласына ислам діні келмес бұрын халық арасында түрлі ырым-наным түрлері кездескен. Мысалы, шаманизмнен қалған адыраспан тұтату, анимизмдегі ата-баба аруағына сый-ыну секілді ғұрыптардың сенімдік формасы өзгертіліп, белгілі салтқа айналған. Енді әрқайсысына жеке тоқталар болсақ, қураған адыраспан осіміннің түтіні үйдегі теріс энергияны, ауадағы микробтарды жоюғаны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Мұны

көзге алсақ, бұл аруақтарға сыйыну деген сөз емес. Қазақ халқы бала тәрбиесінде «Кәсіп атасын білмеген жетесің» деп баланың өз тегін білуіне, ата-баба тарихын ұмытпауына және жеті атадан қыз алыспай, қан тазалығын сақтауға аса мән берген. Әрбір азаматқа ата-баба шежіресін біліп жүруін міндеттеген. Осыған байланысты ислам дінінде өмірден өткен адам халықтың пайдалануына мәніт, көпір, жол салып кетсе, білім үйретіп, кейінгі жастарға рухани азық болатын ғылым қалдыра, артынан дұға жасап тұратын ұрпағы қалса осы үш сауапты ісі тоқталатындай делінген. Осының үшіншісі ата-бабаларына дұға ету болса, мұның да ислам шариғатына қайшылығы жоқ. Тіпті Мұхаммед пайғамбардың өзі мазараты зиярат етуді өсиет еткен, мұндағы ескертін жағдай зиярат ету кезінде аруақтарға табыну емес, пайғамбар жеткізгендей, біріншіден мазаратқа барып тірі жаңға келетін өлімді еске алу болса, екіншіден ата-бабалардың рухына Алладан дұға тілеу болып табылады. Десек те, халықтың ішінде бақсы-балгерлердің себепкерлігімен аруаққа сыйынушылық белгілері бар

екендігін жоққа шығара алмаймыз. Қазақ даласына ислам діні келмес бұрын да халықта «ханифтік» сенім болған, яғни бір Жаратушы Тәңірге деген сенім. Сондықтан бұл қазақ халқының мұсылмандықты қабылдауына еш кедергісің келтірмеді. Керісінше ислам діні түркі елдеріне тарауымен ғылыми тұрғыда кеннен дами бастаған. Алғашқы ғылыми жаңалықтарды ашқан түркі жұртынан шыққан мұсылман ғалымдары болған. Бірақ XIX-XX ғасырда Батыс елдерінің күшеюімен шығыстық ғылыми еңбектер тыс қалып қойған. Қазіргі таңда кейбір өздерін ақиқаттың жарышысы, пайғамбар ғасырының жалғастырушысы санайтын псевдосалафиттік бағыттағы топтар қазақ халқын кешегі 1990 жылдардан бастап мұсылмандықты таныған деп, әлемнің екінші ұстазы атанған Ибн Насыр Әл-Фарабиді, Ахмет Йегүнекиді, кейінгі Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, т.б. дін саласындағы ағартушы-ғалымдарды аңдушылар деп көрсеткісі келеді. Мұнымен шектелмей еліміздің салт-дәстүрімен біте қайнасқан сунниттік бағыттағы Имам Ағзам Әбу Ханифа мәзһабының негізін қалаушылар Сәбит ибн Нұғман, Имам Әбу Юсуф, Имам Мұхаммед, Имам Тахаун, Имам Әбу Мансур Әл-Матурудиді де жоққа шығаруда. Қазірет «ақылың ит сүйекті жұтпас бұрын өңешіңн өлшеп алады» деген сөз бар, сондықтан рухани құндылықтарды жоққа шығармас бұрын мәселенің баябын түсініп алған дұрыс деліміз келеді. Сондай-ақ, ислам дінінде «әрбір адам баласы әлімсақтан бері мұсылман» деген қағида бар. Әлімсақ дегеніміз – адам баласының рухы мен Аллаһтың арасында уәде етілген күн, яғни, адам баласының рухтары жаратылған уақытта Алла Тағала олардан «Мен сендердің жаратушы Раббыларың емеспін бе?», – деп, сұрапты. Сонда адам баласының рухтары «иә, сенсін бізді жаратып тәрбиелеуші Раббымызсың» деп уәде берген. Осы ретте әрбір мұсылман «Аллаға шүкір, әлімсақтан бері мұсылманмын» деп жауап береді. Қазақ халқы әлімсақтан бері мұсылман!

Дархан ЕРНАЗАРОВ, облыстық ішкі саясат басқармасының маманы.





Жуырда әлеуметтік желідегі ортақ чатта бір қолданушы «қазір кейбір емханаларға барсаң, «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі кейіпкер боласың» деп жазған еді. Есіңізде ме, сиырдан сүт сұраса, «жанырақ әкел», ағашқа барса, «су әкел», қыздардан су сұраса, «сағыз әкел» деп бір тостаған сүт үшін кейіпкердің ығырын шығаратын еді ғой. Қазір дәрігерлер сүт пен су сұрамайды, бірақ ең кемі бір апта бірнеше дәрігердің алдынан өтіп, неше түрлі талдама жинауға тура келеді.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

# Пациент пен фельдшер

Мұны естігенде сонау Арал теңізінің құяр сағасы Қаратереңдегі балықшы ауылдың адамдары есіме оралды. Бала кезімде аудан орталығынан 4-5 сағаттық қашықтықта орналасқан сол ауылдың денсаулық күзетшісі бір ғана Жасарал Мұханов секілді көрінетін.

Аудан орталығы барып-келе беретіндей жақын емес, науқас түгүлі, сау адамның ішек-бауырын үзе жаздайтын жол жағдайын қоссақ, бүкіл ауылдың тұрғыны түшкіріп-пысықраса Жасарал ағаны іздейтін. Егер дертті кісі өз аяғымен келе алмайтындай болса, сол үйдің тұрғыны ауруханаға жеделжәрдемді емес, Жасарал ағаны сұрап келетін. Мұндайда өз мамандығының фанаты ма дерсіз, дәрігер де сұрақ қоймастан сол үйге беттейді. Жәні де, жүрісі де бөлек. Мың жарымға жуық тұрғыны бар ауылдың кез келген үйіне лезде баратын. Кейбіреулер секілді «қандай шағмыңыз бар» деп бір сауалмен-ақ шешім шығармайды, қалай, қайтп ауырады, шанышпа, бүріп пе, солқылдап па деп бәрін әбден тәптіштеп сұрайды. Диагнозды науқастың сипаттауымен, қолмен ұстағандай етіп қойғанда, талай рет облыстың құрал-сайманы сай дәрігерінің диагнозымен бірдей шыққан.



Сонда Қаратерең ауылдық амбулаториясында алғашқы жылдары медбрат, арасында 5-6 ай бас дәрігер болғанын қоспағанда 42 жыл бойы Жасарал Мұхановтың атқарған қызметі – фельдшерлік екен. Бірақ бас дәрігерден бөтер құрметтелетін Жасарал аға ауыл халқы үшін корей киносындағы тегін жүріп емдейтін атақты тәуіп Хо Жуннан кем емес. Бұл отбасы ауыл үшін қадірлі. Қадірлі болатыны Жасарал ағаның жұбайы да дәрігер, «мың баланың күндіз шешесі» атанған Қалмаш Райханова.

Еңбек демалысында ауылға барғанында, үйдің ішіндегі билеген Жасарал ағаның 70-ке келгенін, ел арасында құрметке бөленгенін әңгіме қылып отыр екен. Бірден ел дегенде елге сәлем, жұрт дегенде жанын салатын дәрігер туралы жазсам қайтпеді деген ой келген. Сол оймен құттықтап әрі қызметі туралы өзін сұрамаққа бекіндім. Бірақ ол қашанғыдай жайдары қарсы алғанмен, ағынан жарылғын, аздап мақтанып қырып қойып, откенді қозғайтын қатарынан емес. Науқасты, науқасын бірге өзін қинаған жол жайын қайта-қайта айтты.

«Күздің лайсаң, батпақты күні Өтеген деген кісі қатты ауырғаны есімде қалыпты» деді ол. Ауыл азаматтарының жол салу жұмысын дәл сол күні бітіргенінің арқасында, ауданға жетіп, науқасты ерэн дегенде аман алып қалған. Ал 1992 жылы қазір үйлі-баранды, ол кезде 4-5 айлық Зейнеп атты сәбиді аман сақтау үшін Әулиеата, қазіргі Бекарыстан би сияқты бірнеше ауылды арнайы, орталыққа әуріп-мірмен жеткені бір бөлек әңгіме.

Ауылға 60-жылдардың аяғында жас маман болып келгенінде, аяғы ауыр келіншектер емханаға көрінуді қажет деп те есептемейді екен. Жиырмадан енді ғана асқан жас ақшера ауылды түгел аралап, әр үйге бас сұғып, жұкті келіншектің бар-жоғын сұрап жүретін кез бұл. Осылайша отбасы, ошақ қасында босану қағидасын өзгертіп, ауыл медицинасына айтарлықтай тәртіп енгізді. Ал 1983 жылдан кейін әйелдер сәбиді ағайны жабылған мекемеде, ауданда өмірге әкелу керектігі жөнінде бұйрық шығыпты. Бірақ белгіленген күннен ертерек арадан бару талабын әйелдер сақтай бермейтіні белгілі. Ауылда толғақ қысып, жан қиналғанда бірден жететін Қалмаш апаның міндеті – әйелді қалайда аудан орталығына жеткізу. Өлгендей жолдың кесірінен кейде ауданға бару да мүмкін емес.

Бірде жолай бір келіншекті көрішес Қамбаш елді мекенінде босандыруға тура келгенін айтқаны бар. Алас-қапаста Қамбаштағы аурухананың акушеріне «бол, маған көмектес, мынаны ұста» деп құралдарын берсе, анадай жерде көзі бақырайып, қолын қалтасына салып, «дәрігерің келмейді» дейді. Кейін біліпті, әліңнің келмейтін де жоңи бар екен. Аурухана басшылығы бір педиатрды мамандандыру процесін өткізіп, акушердің штатын беріп жұмысқа алып қойыпты. Науқасты көргенде әрі-сәрі күй кешкен «акушердің» сыры осында екен.

Ауылда қырық сегізге келген Айдарбек есімді кісінің де кіндік шешесі – Қалмаш апа. Айдарбек ағамыз дүниеге келерде анасының жағдайы қиындап, қалайда ауылда қалдырмай қалаға жеткізу керек болыпты. Ауданға хабарласса, жұкті әйелді Бөгенге жеткізуді тапсырған. Сонымен санавиация арқылы әдеттегідей Қалмаш апа Бөгенге ұшады. Ұшақтан түссе, табаң асты ысылдаған сары құм. Токтаған жерлері аурухана түгүлі, ауылға ерэн маңайлайды. Ұшақтан басқа көлік жоқ. «Анамың мықтылығын сол кезде білдім, қанша қиын болса да құм кешіп, ауруханаға дейін жау барғанбыз» деп еске алады Қалмаш апа. Барғаннан кейін бірден ота жасалып, өмірге ұл келген екен. Бүген халқының көбі Айдарбек руынан, сондықтан нәресте де Айдарбек атын иеленіпті.

## ЕҢБЕК АДАМЫ

# Темірден түйін түйген

Жас та болса өзінің еңбекқорлығымен елге танылып жүрген азаматтардың бірі Амандық Әлнегізові есімі Жо-салы кенті тұрғындарына, әсіресе, көлік тізгіндегілерге өткен Амандық Алпамысты өсе келе мектептегі білімін тәмамдаған соң, Отан алдындағы әскери борышын өтейді. Елге оралады да токарлық мамандықты игеруде заманында атағы КСРО-ға танымал болған әйгілі Жосалы механикалық зауытына жұмысқа қабылданады.

мінсіз орындаса, кешке өзінің жеке токарлық шеберханасында ауыл-аймақ тұрғындарына қызмет көрсетеді. Одан қалды Амандық дөңкерлеу ісі мен ағаш ұстасы кәсібін де меңгерген. Темірден түйін түйген кәсіпін шебер тұтынушылар берген тапсырыстарды сапалы әрі уақытылы орындайды.

адам кірді. Амандық-саулықтан соң, автокөлігі көшеде бұзылып, бұзылған көліктің болтының жарамсыз болып қалғанын айтып, жаңадан жоныл беруін өтінді. Іспен жатқан жұмысын дереу тоқтатып, тапсырысын орындауға шеберханасына кірді. Төрте тұрған станокты қосты. Арада бес-он минут өткен соң қолына манағыдай болтын су жанасын ұстап шығып, тұтынушыға ұстатты. Ал, өз кезегінде жұмысының тез әрі сапалы біткеніне қуанған жолаушы Амандыққа алғысын айтып жатты.

– Міне, менің тірлігім осы. Көбіне келетіндер – көлік жүргізушілері. Олар жаңағы жолаушы сияқты болт, гайка, втулка сияқты жарамсыз болып қалған бұйымдарды жаңартып әкетеді. Араларында еңбегімді бағалайтындар да бар. Кейбірі көбірек береді, кейде ақшалары болмай қалатындар да кездеседі. Оларға түсіністіктен қараймын. Осының арқасында болар, достарым да көп. Кейін-туысы, көрші-көлемден татамыз. Көршілердің құлділікті тұрмысқа қажетті құралдарын да жөндеп беру менің міндетім, – дейді шебер.

Н.ӘБІЛАХАТУЛЫ,  
Қармақшы ауданы

Сол жылдары аудандағы кәсіпорындар мен мекемелерде көптеген жұмысшылар қысқартуға ұшырап, жұмыссыз қалды. Сондай жағдай зауытқа да орын алды. Зауыт өнім беруін азайтуының салдарынан жұмысшыларын да қысқартты. Айлық мөлшері азайды. Бірақ, осындай қиын жағдайды басынан өткерген жұмысшылар бәрине шыдап, елмен бірге еңбек етті, өмір сүрді. Олардың қатарында өзінің еңбекқорлығымен, жауапкершілігімен ұжымда беделге ие болған Амандық Алпамысұлы да бар еді.



Сол жылдары аудан тұрғындарына «Автобаза» атауымен танымал болған кәсіпорынға токарь мамандығымен қызметке орналасқан ол еңбек тәжірибесінің арқасында көлік жүргізушілер ортасында да абыройлы болды. Амандық еңбек еткен «Автобаза» жұмысын тоқтатқан соң, ол бірнеше мекемеде токарь болды. Өзі ісінің шебері бүгінде «Октябрь» топтық су құбыры» мекемесінде еңбек етіп келеді. Күндіз жұмыста ұжым басшылығы міндеттеген жоспарды

Біз барғанда есік алдында жартылай дайын дарбазаны дөңкерлеп жатқанын үстінен түстік. Ұстаны әңгімеге тартып, күнделікті тыныс-тіршілігі туралы сұхбат алып отырғанымызды қолына автокөліктің болтын ұстаған орта жастағы ер

# Қасым ән салғанда...

Қасым ән салғанда, анау бір әңгіме еске түседі. «Дауылпаз деген бір құс бар, даусы жер жараяды. Ал жанына барса, қүйкентайдай-ақ». Киіктің асығындай шағын денелі, бәкіне бойлы Қасымнан бұрын білмеген адам мұндай зор дауысты шынымен құтпес еді. Қасым ән салды дегенше...

Ержан ҚОЖАСОВ.

Оның өнерге келуінің түп қазығы тым әрде. Мектепте әкесі Тайып ағай (біз бала күнімізден Тай ағай деп атап кеттік) ән сабағын өткізуші еді ғой. Шашын артқа сілке тастап, әуелі иығына біз көтере алмас баянды асынып алар еді. Содан соң өзінен басқа жараспайтын кара мұрттын қолмен сипай бастырып, халық әні «Ақбақайды» нәшіне келтіре соза бастайтын.

Ат қайда, Ақбақайдай шаппай желген, Қыз қайда, құлашадай көзі күлген... Қызды қайда, мінер ат десе еден ете қалатын бала күніміз. «Құлаш» дегенді мүлде танымайтын шақ. Әуелгі буыны жылқы жайлы басталған соң, «Ә-ә, мынау шаппай желсе, нағыз жорғаның өз болды ғой» деп іштей өз түйсігіңмен бір қорғытып, ағай салған әнге қосыла кететіңбіз. Жиырма бес баланың бірінде дауыс қайда, біреуі шикылдап, біреуі қықылдап, әнге жапа-тармағай қосылғанда, бір-бір мұғалімнің қоныр даусы басып тұратын. Кейде біздің хор ұнамаса, ағай баянын «барқ» өткізіп жауып, арық түйеше шоғырп тастайтын. Содан соң әннің шығу тарихын қозғар еді. Мұнан бөлек, ән салғанда кеудені қалай ұстау керектігі, үнді қалай шығару, бір дауысқа ең салу, т.б. жалықпай түсіндіріп әлек...



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

«Әй, осы демалыста тартып кетпесем бе» деп іштей ант-су ішкенмен, қаладағы қобырсыған көп тірлік қолға байлау, аяққа тұсау. Бәрібір, ауылға бару керек ғой. «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді». Көңілден көшпейтіні де, өшпейтіні де рас еді.

Ауылға барам, бәрі де туыс ел жақта, Аңқылдайды олар, қарамайды олар бар-жоққа. Ауылым жайлы, бауырым жайлы

жыр жазам, Сүйеніп тұрып анам сүйенген шарбаққа, – деп, соның жағына даусым соза түсіп, елге келген жігіттерге Қасым ән айтып тұр. Қолында әкесінің баяны. Құлашын кере тартып, баянның түймелерін ойната тергенде, біздің де дөңбеге қозып, ауық-ауық қосылып қоямыз. Өмірінде ән салмаған сыныптас Ақон да барқыраған дауыспен әннің ырғағына ереді. Кей-кейде ән үзіліп, ауыл сыртындағы бұлақ басында құрдастар

қалжыңның тиеті ағытылар еді. Нағыз демалыс еді бұл...

Қасымның өнерге қадамы бала күнінен басталды. Ауыл клубында Қасымсыз концерт өтпейтін. Әлі де солай ғой. Өнерлі жастың көбі қалаға қарай шапқыласа, мектеп бітіріп, жоғары оқуды тәмамдаған соң бірден салып ұрып ауылға оралды. Ән құмар жігіт осылайша өз биігін ауылдан таппаққа талпынды.

– Жұрт ауылдан қалаға қашады. Ал менің туған жерден кеткім жоқ. Өмірім осы ауылға байланған. Той көп болса деп тілейтінміз жасырын емес, қуаныш қой. Қазір баянды асынып, тойдың қак ортасында жүреміз. Демалыстың болмағаны жақсы, – дейді Қасым.

Расымен, Бекарыстан би ауылындағы әр отбасында болатын той төрінде төбе көрсетіп жүрген Қасымның кересі. Тіпті, көрші ауылдардан да шақырту түсіп жатады. Музыкалық аспаптың басқа түрлерін өз бетінше үйреніп алған ол ара-тұра шым-шамына шумқаттармен құрдастардың, достарының отырысын қыздырады.

– Өнер – үлкен бір әлем. Ол тылсым бойына дарыған дарымен қатар, 99 процент еңбекті қажет етеді. Өкемінен үйренгенімен бөлек, өзім де қосымша ізденіп келем. Қазір заман дамыған. Есті ән мен есерек әннің халық бүгінде ажырата алады. Ғаламторды ашып қалсаңыз, әннің неше түрін көресіз. Бірақ соларды қайталамай, елге ұнамды, тәрбиесі бар туындыларды халыққа ұсынған өте жақсы деп ойлаймын, – дейді әнші Қасым.

Айтпақшы, Қасымның әу баста бітірген мамандығы технология пәнінің мұғалімі. Ауыл мектебінде дәріс береді. Ұстаздықпен қатар, ауыл өнерін дамытып жүрген Қасымның талай ән мен жыр-дастан байқауларының бас жүлдегері екенін біз жазып жатпаймыз. Оған ел куә.

Біздің ұлтта «ел іші – өнер кеңіші» деген асыл сөз бар. Сыр сүйелерінің бірі Жәмет жырғауды жырларын жатқа айтып, ауылдан шыққан Күләп Қалымбетова, Баллан Жүбаева, Бектурған Жібекәлиев сынды әнші һәм сазгер апа-ағаларынан үлгі алған Қасым Балымбетов те қасиет тұнған өлкенің өнерлі ұлы.

Қазалы ауданы,  
Бекарыстан би ауылы.



Жыл он екі айдың ішінде туған ауылға 2-3 рет барудың сәті түседі. Мұндайда Шархана бастаған барлық құрда Қасымның әннің тыңдаймыз. Елге қарай бір иығын әуелден бұрып тұрғанда, әншінің туған ауыл жайлы айтқан әніне іштей «ай» ұратын сәттер көп болатын. Шер тарқайтын. Сағынышты басуға Қасым салған әннің өзі жетерлік. Жетегіне еріп жалғанның, Қалаға жедел жетіптіз. Артынан еріп арманның, Ауылдан шығып кетіптіз... Рас қой. Арманы жетектеген әр адам қалада жүр. Жеткені аз. Жетем деп тырбаңдағаны мұнан көп. Әйтеуір, ілддеген тірлік. Бірақ, жер-жерді араласаң да, кіндігің сол ауылмен бірге екенін іштей сезесің. Сезесің де сағыныш деген «сары ауруға» тап болғарсың.

«СЫР БОЙЫ» – 90

Уақыт шіркін қандай жылдам еді! Байырғы басылымға тоқсан жыл толды. Ал, кешегі жастық дәуірдің алғашқы баспадағына қадам басқан біздің де сексеннен асып, тоқсанның ауылына қарай бет бұрып бара жатқанымызға таңырқаймын. Өмір есікті ашып-жапқандай болып тұр. Әрине, тағдыр әміріне бас иемей болмайды.

Ой отыз бөлек. Әңгімені қалай бастарымды білмей отырмын. Бәрі көкіректе сайрап тұр, тек қағазға түсірудің қиындығын қараңызшы?! Енді есіме түсті, менің еңбек жолым осы қара шаңыраққа басталды. Ал, сіз тыңдаңыз оқырман, мен баяндайын.

# Ұшқан ұя

– Жок.  
Редактор хатшы қызға қонырау шалды. Жауапты хатшы Алдабергеновті шақыр дегендей болды. Сәкен келді.  
– Мына бала газетке жұмысқа тұрса дейді, вахтер болғым келеді деп тұр, ықыласы жақсы. Бізде қандай қызметтің орны бос, іздеріңші!..  
– Корректор бюросында тыңдаушылық орын бос тұр. Бұған сауатты адам керек. Газеттегі құпияны сақтауы және бар.  
– Мақала жазуға қабілетің қалай?– деді редактор.  
Колымдағы «Ленин жолы», «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас»



Исекең бір кезде маған:  
– Жолдас Мырзахметов, сіз неге сөйлемей отырсыз? Сөйлеңіз!  
– Сөйлемеймін, Исеке!  
– Сөйлеңіз, Мырзахметов!  
– Исеке, Мырқы Исаястың осы арызы бойынша Қалқабай Әбенov қызметінен босатылатын болса, сынайын, ал қалатын болса әнгіме басқа деп едім, жұрт ду құлді.  
– Әбенov редактор болып отырады!– деді Исекең.



Мүсілім Құлахметов деген кісі екен. Құлағы қалққан сары кісі көрінді. Директор ә дегеннен:  
– Бала, мектепте пионервожатыйлық орын бар, қалай қарайсың?  
– Жақсысы, қандай, аға?  
– 60 сом!  
Ол кезде алпыс сомға бір бұзаулы сиыр алатын кез. Өмірі пұл ұстап көрмеген маған 60 сом көп көрінді.

Сонымен, мектепте пионервожатый болып шыға келдім. Тәртібі қызық екен, мойынға қызыл галстук тақтым. «Вожатый кітабы» деген көктүсті кітап қолыма тиді. Дружина советі, отряд, звено деген белгілерді оқушылардың жеңіне тағуды бастадым. Танертеннен кешке дейін мектептемін. Кешке сүріне үйге келемін. Пионер жұмысының жоспарын жасаймын. Директордың шегелеген тапсырмасы мүлде көп. Кейде педсоветте талқылайды.

Уақыт өтіп жатыр. Колым қалт еткенде «Ленин жолы», «Қазақстан пионері» және «Лениншіл жас» газеттеріне мақала жазатындығын шығардым. Жазғандарыма ауылдағы пошта арқылы қаламақша келе бастады. Әкем жақырағана қоса қаламақша алғаным қуанып, «Менің балам журналист болатын түрі бар» деп гуілдетеді, мактанады. Содан бір күні жалақыма Шамамат деген ағадан бір баспақ сатып алып, әкеме жетектеп келдім. Сондағы әкемің қуанғандай! Сол баспақ кейін бұзаулап, үйішіміз айран-қатыққа малайып қалды. Бағяға «Қызылқасқа» баспақ көбейіп, қора малға толған еді.

Байқаймын, аға вожатыйлық жұмыс менің қолым емес секілді, жігіттің, бойжеткендерден ұлғандай боламын, мойнымдағы қызыл галстукке арсыңғандаймын. Қалаға барып, газетке жұмысқа тұрсам деймін. Бірақ, таныс жоқ, қалай болады?

Жылдар жылжып жатыр. Кезекті жазғы демалысқа шығып, қалаға тарттым. Арман – газеттің маңайына жұмысқа тұру. Ол кезде облыстық газет қазіргі қалалық парк тұсындағы Дзержинский көшесі №8 үй еді. Жүрексініп, бөлмелерді жағалап жүрмін. Біздің ауылдан Сыдық Алдабергенов деген аға газетте жауапты хатшы деуші еді. Сол кісіге сәлем беріп, жағдайымды айтсам деймін.

газеттеріне жарияланған төрт-бес мақаламды көрсеттім. Редактор газет қиындығын оқып болды да:  
– Сынақпен бұйрық жаз, Сыдық!  
«Сынақпен» деген сөзге таңырқап, зорам ұшы. Сөйтсем, редакцияға қызметке тұңғыш кіргенде сынақпен қабылдау бар екенін кейін білдім.  
Арада бірер жыл өтті. Редактор Хамза Сыдықов қызметінен төмендеп, орынбасар болды. Редактор болып Шымкенттен обкомның идеология жөніндегі хатшысы болған, Мәскеудің партия мектебін бітірген Зейнулла Жаркынбаев келді. Түсі сүсті көрінді, қаталдау ма деп қалдық. Кенесіне шыбын ызың естілмейді. Қабылдауда отыратын келінішек декретке кетті де соның орнына менің кандидатурам ұсынылды. Бұл, сірә, Сыдықтан болған шешім екенін кейін білдім. Редактордың қабылдау бөлмесіне ауыстым, қонырауы шылдырғана, әскерде жүрген солдаттай кіріп барам, аңаны шақыр, мынаны шақыр... тағысын тағы. Сонан соң редактордың қаламсаптарына сыя құямын, қарындаштарым шығарып, газет тігінділерін тігімін, бұйрықтар жазамын. Қабылдау бөлмесінде тапқырмай отырамын, селтен жүріс жоқ, жинақы, тап-таза жүрімі керек. Уақыт жүйткілі барады.

Бөлмелерде думанды Бөлекбай, Орман аға әзілді жаңғыртады. Аңғал Әбділда Құрманасов деген ағамыз қызық адам еді. Түс кезінде үйіне барып, шөлдегенде сусын деп укусус ішіп, ауруханада жатқаны бар. Ал, Әбділдаға аға зейнетке шығарды: «менің ертенгі о дүниеге кеткендегі пұлымды жинап беріңдерші» деп тұрып алғаны бар.  
«Еңбекші хаттары» бөлімін ақын Ә.Оңалбаев көп жыл басқарды. Әңгімешіл, әзіл-оспағы мол қызық адам еді, жарықтық. Бір қызық оқиға ойымнан қалып барады екен, аруағы риза болсын еске сала кетейін.

Редакторымыз жоғарыда айтқан З.Жаркынбаев. Екеуі Жалағаштан, бірі – «Жанаталаптаң», екіншісі – «Мәдениеттен». Жастық шағы бірге өткен. Әбекен дария жағасындағы Школьная деген көшеде жеке үйде тұрды. Зекең Некрасов көшесінен үй салғанына көп болмаған. Түсікі үзіліс кезі. Жанбыр құйып тұр. Редакторда «Победа» атты машина бар. Әбекен қалала жаңбырдан малмандай су жапылып, түсікі үзіліске шығып бара жатыр. Редактор басын изеді де, көлігімен ол да түсікі үзіліске бара жатты. Отыр, үйің апарып тастайын Әбекен деген қабақ танытпады. Ақын ызаланды. Суыт үйге қайтпай, кабинетіне кіріп, редакторға арнап «Машина зары» деген өлең жазды. Сол өлең біраз дүрбелен туғызды.

Редактор түстен кейін өлеңді оқып, ақыннан жұрт алдында кешірім сұрағаны бар. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген сөз содан шыққан болар.  
Партияға өту. Бірақ бұл жердегі қызметімнен КПСС мүшелігіне өтудін қиындығы байқалды. Не істеуім ке-

рек? Ойым отыз бөлек, қалай коммунист болам!..  
Бір күні қаладағы үлкен поштананы алдындағы көшеде келе жатқан Исатай Әбдікәрімов ағаға кезігіп қалдым, сәлем бердім. О кезде Исекең Шиеліде бірінші хатшы еді.  
– Иә, қандай қызмет істеп жүрсің, Қожеке?  
– Жаркынбаевтың секретарымын.  
– Қызметің тәуір екен.  
– Исеке, тәуір болғанмен, партияда жоқпын. Сол жағы қиындау болып тұр.  
– Ә, онда былай ет. Шиелінің «Оскен өңір» газетіне кел. Мен редактор Қалқабайға айтайын. Жарай ма?  
Қуанып кеттім. Араға бірер айта салып, Зекеңе жұмыстан босатуды сұрадым.  
– Неге кеткің бар?  
– Шиелінің аудандық газеті шақырып тұр.  
– Дұрыс. Аудандық газетте істеп шынық қарағым, содан соң бізге келуіңе жол ашылады.  
– Рахмет, Зеке!

Арыз жазып, Шиелінің «Оскен өңір» газетіне қызметке орналастым. Үш жылдай жүріп, партияға өттім. Содан еңбек жолымда өзгеріс басталды.  
Жаксының шарапаты, камкор құшақ адамға үлкен демеу болады екен. Кейін Исекең обкомға хатшы болып келгенде осы күнгі «Ожындан» үш бөлмелі пәтерге қолым жеткені есімнен кетпейді. Алпыс жылдығыма «Қарақөз» кафеесінде Исекең бастаған ағалар төрде отырып, ағыл-тегіл тілек айтып еді-ау. Қайран Исекең!

Еңбек жолым «Ленин жолы» газетінде жалғасып, өсіп басылымда елу жылдай еңбек еттім, зейнетке шықтым. Сейлібек Шаухамановтың «Қарадан шыққан хандай» деп бағалаған Зейнулла Жаркынбаевтың тәрбиесін көрдім, есейдім, отбасы құрдым. Бірде Зекеңнің баспасөз күніне орай, мақаласын газетке жариялап, батасын алғаным әлі есімде.  
Әр жылдарда бірнеше редакторлармен қызметтес болғаным өзінше жыр-дастан, есте қаларлық оқиғалар көңілде сайрап тұр.

Мен еңбек еткен байырғы басылымда көп жыл басылылық қызмет жасаған Қалқабай Әбенov пен Жаксылық Рахматулла. Сонан соң Нұрділліә Уәлиев, Ұзақ Бағаев болды. Қалекеннің газет қызметіне бейімнен гөрі ұстаз – мұғалімдік тағабаты басым еді. Неге? Мамандығы мұғалім еді. Қалекен тұсында талай арыз шағымдар көп болды. Журналист Мәкен – Мырқы Исаяс Мәскеудің «Журналист» журналына арыз жазды. Сол арыз редакцияда талқыланды. Арыз мазмұны: жазғандарымыздың көбісі жарияланбайды. Редактордың мамандығы – журналист емес.  
Мәкеңнің арызын талқылауға обком хатшылары И.Әбдікәрімов, Қ.Жаркынбаев қатысты. Көптеген адамдар сөйледі. Сындар айтылды.

Содан біраз әнгіме қозғалды. Мен газетте сын жағы аз екенін, жанрлық тақырыптарға орын жоқ, мал мен күршітен басқа әнгіме жоқ деп пікір айттым.  
Ертеңіне Қалекен:  
– Кешегі сөзің не сөз? Әбенov қалатын болса, әнгімені басқаша айтайын дегенің не? – деп ренжіді. Содан редактор маған оң қабақ танытпай жүрді. Пенделіпші-ай!  
Бірде обком шақырып жатыр деді.  
– Не жазып қалдым, – деп обкомның бөлім меңгерушісіне бардым. Жүзі суықтау.  
– Сені облыстық радиоға жіберуге келістік.  
– Бармаймын.  
– Барасын, ойланып кел. Мәселе Қалекеннен болғанын білдім. Бірақ, кейін неге екені белгісіз қызметімде қалдым. Кейін обкомға Е.Әуелбеков келді. Қалекеннің орнына Н.Уәлиев тағайындалды.

Жаңа редактор Н.Уәлиевпен бес жылдай бірге қызметтес болдық. Сырын сыртқа алдырмайтын. А.Сәдібеков, Н.Рахметова, С.Бихожалардың жазу қабілетін бағалады. «Аралға 100 мың сом аудардым» дейтін бір алаяқты барлық баспасөз жабыла жазғанда өзі басқарып отырған баспасөзге жариялапты. Мұнысы көрегендік болды.  
– Жұмыс болған соң кем-кетік болмай тұрмайды. Бірде менің «Ленин жолына» «Шоптін басы неге қозғалып тұр?» деген сықақ әнгімем шықты. Әнгімде бір сауда басышысы жеке үйі сатып алғанды ақша орнына бірер кап үн, костюм бергені жазылды. Иә, сықақта шоптін басы «Шиелі жактан қозғалды» деген сөз бар еді. Сол сөзге бола Шиелі ауданынан 5-6 адам редакцияға келіп, сықақты біраз талқыға салғанмыз бар еді.

Нүрекен алысқа келді. Адресат жаздық. Суретінде шашы тым сирек көрінгенін байқады. Шашымды қоюлатындар деп тағы отырып алды. Суретіне өңдеу жасап, шашын қоюлатып. Өңдеуден соң Нүрекеннің суреті мүлде ұқсамай қалды. Мұны өзі байқамады, біз аң-тан қалдық.

Сырбас аға Нүрекен – Нұрділліә Уәлиев баспасөз тарихын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғалды. Газеттің шығу тарихы 1929 жылдан басталатынын дәлелдеп, өмірін ұзартты.

Редактор Ұзақ Бағаев – шебер журналист еді. Тәуір дүние болса қуанып, нөмірге шұғыл салдыратын. Обкомның жиын-бюроларында отырып, газетке баратын дүниелерді сол жерден оқып, шөферинен шұғыл жөнелту дәстүрі еді. Сонан соң өзі әр жанрда қалам тербетіп, Зейнулла Шүкiров жайында жазғанын тамсана оқыдық. Әр іссапарда қаламы үшқыр журналистерді іздетіре жүретін. Тіліші Ш.Дәрмағамбетұлы мен фотоліші А.Мәдениөттердің келуіне себепші болғаны бар.

Бір бөлімде Қошшабай үшеуіміз өңбес жылдай қызметтес болдық. Қошшабай бөлім меңгерушісі. Мен сол кезде «Сырласу беті» деген бөлімді жүргіземін. Тақырып мазмұны – тәрбие, мектеп туралы. Бөлім апта сайын бір бет болып шығады.

Бір күні «Сырласу бетінің» кезекті санын әзірлеуге кірісіп отырғанмын. Кенет бөлмеге үсті-басы қан, беті көгерген бір азамат келді. Өзін Елғанов деп таныстырды.  
– Түнде үйге жақындағанда бір бұзақы ұрып кетті. Ол көршімнің баласы, фамилиясы Асанбаев. Осыны айтуға келдім. Ал, баяндайын, тыңданды, – деп отырып алды. Арызын жазып, қолын қойып қойды.  
Осыдан соң оқиганы қаз-қалпында тақырыбын «Түнделеткен көршімнің баласы екен» деп әзірлеп, жариялады.

Ертеңіне төрт-бес адам редакцияға келіп тұр. Орталарында кешегі Елғанов, өзін түнде сокқыға жыққан Асанбаев және ата-анасы. Елғанов: «Мен кеше байқамай, ашумен айтқан едім. Мені ұрған Асанбаев емес, басқа» деп қарап тұр. Содан сәлден соң редактор Ұ.Бағаевқа кіріп, ашу білдірді.  
– Бұлардың не, Мырзахметов! Ұят жасалыңдар, газет беделін түсірдіңдер, – деп Ұзекең зілді қабақ танытты.

– Ұзеке, біріншіден, Елғановтың арызы менің қолымда тіркелген. Бұлар босқа мені кінәлап тұр, – деп жылап жібердім.  
– Анықтаңыз. Газетке сілтеме беруіміз керек!  
Содан қалалық прокурордың орынбасары А.Сапарбековтің қолын қойғызып, «Елғановты ұрған, сокқыға жыққан Асанбаев екені рас. Ол қылмыстық жауапкершілікке тартылып, тергеу амалдары жүріп жатыр» деген қатынас әкелдім.  
Редактор сабасына түсті. Менен кешірім сұрады. Кінәлілердің кейін жауапқа тартылғаны туралы соттың шешімі тағы келді. Кейін Ұзекеңмен ортақ тіл табысып кеттік.  
Тағы бір қызық. Газеттің келесі бір нөміріне Қошшабай екеуіміз кезекші едік. Күн батты. Байқаймын, газет кешігітін түрі бар. Хрушевтің 9 беттік баяндамасы келмей жатыр. Содан Қошшабай екеуіміз Садовая көшесіндегі №6 үйге барып, тынығып, екеуіміз де ұйықтап қалыппыз. Шұғыл таң ата баспаханаға келсек, баспагер Б.Қайымов:  
– Сендерді таба алмадым. Содан Ұ.Бағаевтың үйіне телефон соғып, өзін шақырттық. Өзі келіп, сендердің орындарына өзі кол қойып кетті, – деп қарап тұр.  
– Мәсқара, құрыдық, Қошшабай! Ол қарқ-қарқ күлді.  
– Тауекел. Бар күнәні мен аламын, – деді.

Ертеңіне редакцияға мойнымызға су құйылғандай келдік. Байқаймын, Қошшабай кінәсінен шыбын шаққан құрлы көретін емес. Мен жұмыстан кететін шығармын деп үрей үстінде отырмын.  
Редактор шақырды.  
– Шырақтарым, бұл газет ғой. Ұят жасалыңдар. Мұндай істі қайта-ламандар!  
Басқа біреу болса сөгіс беріп, біреуімізді жұмыстан босатар еді. Ұзекең осы сөз арқылы екеуімізді ашу шақырмай, парасаттылық байқағанына риза болып, айтумен жүрдік. Жаңың жаннатта болғыр, мұндай кешірімді адамды тұңғыш көрімім.

Бұл өмірде бәрі болады ғой. ҚазҰУ-дағы ұстазым «Өмірде не болмайды» атты кітабы шыққанда бір көре алмайтын сыншы «Өмірде мұндай да болады екен-ау» деп газетте өткір сын жазғаны бар. Бір кездері редакцияда өңшен әскерден оралған ағалар болды. Д.Тасекеев, Ә.Жанұзақов, Қ.Алдонғаров, Қ.Ажаров, А.Нүрекев, Б.Әлменовтер көп жыл басылымның қиын сәттерін бастан өткізді.

Әскерден оралған, содан соң үйленген ағалардың ұл-қыздары жас, бәрін оқыту керек болды. Содан қызметте отырып қалды. Мұны қызғанақты, ішіне ине айналмайтын базбіреулер жоғары жаққа арыз жазып, «бұлар отыра бере ме, бізге орын босатпай ма?» дейтіндер секілді. Бірақ басылар жауынгер ағаларды қоғамдай, қамқорлық жасады.

Не дейін. Өмірде болмайтын нәрсе жоқ деп ой түйдік. «Ленин жолы» қазіргі «Сыр бойы» есею жылдарымыздың куәсі, жастық шағымыздың ұмытылмас кезеңдері. Сол бір қызығы мен қиындығы мол жылдар естен кетпесе шежіре секілді.

Бұл күндері бағяға «Ленин жолы» өзінің байырғы аты «Сыр бойы» атанып, кен форматпен, түрлі-түсті бояумен, отыз мыңға жуық таралыммен шығып тұр. Бүкіл басылымда басын біріктіріп отырған «Сыр медиа» ЖШС-ның бағыт-бағдары қунарлық. Басылымда қаламы жүйрік Д.Аяшұлы, Ы.Тәжіұлы, Г.Жалғасова, А.Батталова, А.Қарапайева, Н.Санязова, Ш.Бекпан, Г.Ділдәбекова, С.Адайбаева, Д.Қырдыан, А.Жұмадинова, М.Қалымбет, М.Дауылбайқызы сынды журналистердің аға ұрпақтың сара жолына дақ түсірмей жалғастырудағы қадамдарына сүйсінебіз болмайды.

Ұшқан ұя – ыстық. Қарашаңырақ мерекесі бәрімізге ортақ.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, ардагер-журналист.

## МСҚ «Жәрдем» Медициналық пойызын қаржыландыру үшін 120 миллионнан астам теңге бөлді

Пойыз 24 желтоқсанға дейін Қазақстанның оңтүстік-батысын аралайтын болады.  
Бұл – Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау облыстарының аумағын қамтуға бағытталған қосымша медициналық пойыз. Пойыз жұмысына ҚР ДСМ Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 127,6 миллион теңгенен астам қаражат бөлген.

Ағымдағы жылдың 29 сәуірінде жолға шыққан «Денсаулық» медициналық эшалоны да 2019 жылдың 20 желтоқсанына дейін өз жұмысын жалғастыра береді. Бүгінге дейін жеті облысты аралап үлгерген пойыз қызметінен 15 мыңдай жергілікті тұрғын қажетті кеңес алып, ем-дом қабылдаған.

Еске сала кетейік, Қазақстанда 2010 жылдан бері елдің түстір-түстіріндегі елді мекен тұрғындарына медициналық көмек көрсететін ірі жоба жүзеге асырылып келеді. Тұрғылықты жердің шалғай орналасуына байланысты осы азаматтар, көп жағдайда, кәсіби медициналық көмек ала алмайды.

Бүгінде диагностикалық және емдік құралдармен жабдықталған және түрлі саладағы дәрігерлер тобы жасқалған арнайы темір-жол құрамдары елді аралауда. Пойыздың жұмыс режимі дәрігерлердің тұрғындарды кун-узақ қабылдауына қарай құрылған. Диагностика және емдеу шаралары тегін жүргізіледі. Бұлдан бөлек, елді мекен тұрғындарына 2020 жылдан бастап қолданысқа енгізілетін Миндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі, оның негізгі қызметі туралы ақпарат берілуде.

Медициналық пойыздар – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының ортақ жобасы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалдың халықты ақпараттандыру және өтініштерді қарау жөніндегі бөлімі.

## Аймағымызда «Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі үздік қызметкер» атағын беру республикалық конкурсы өткізілуде

Үстіміздегі жылдың 27 тамыз – 15 қыркүйек аралығында әлеуметтік қорғау жүйесі мамандарының беделін арттыру, халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі ең үздік тәжірибені тарату мақсатында «Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі үздік қызметкер» атағын беру конкурсы өткізілді.

Конкурс 2 кезеңнен, тоғыз номинация:  
– «Үздік әлеуметтік қызметкер»  
– «Зейнетақы жүйесінің үздік қызметкері»  
– «Әлеуметтік сақтандыру жүйесінің үздік қызметкері»  
– «Жұмыспен қамту орталығының үздік қызметкері»  
– «Әлеуметтік саладағы үздік менеджер-ұйымдастырушы»  
– «Үздік Медициналық әлеуметтік мекеме»  
– «Үздік әлеуметтік үкіметтік емес ұйым»  
– «Медициналық-әлеуметтік экспертизаның үздік қызметкері»  
– «Үздік мемлекеттік еңбек инспекторы» бойынша өтеді.

Конкурсның номинанттарын іріктеу қызмет салалары бойынша халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс жасап жүрген қызметкерлер арасында өткізіледі. Бірінші кезең (15 тамыз – 15 қыркүйек) аралығындағы мерзімде өтеді.

Екінші кезең (финал) ағымдағы жылдың 16 қыркүйек 10-шы қазан аралығындағы мерзімде өтеді. 16 қыркүйек – 10 қазан аралығында 2 кезеңнің қорытындысымен іріктелген номинанттар бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің сайтында онлайн дауыс беру арқылы жеңімпаздар іріктеледі.

Республикада әлеуметтік қорғау жүйесінің үздік қызметкерлерін марапаттау Астана қаласында 2019 жылдың қазан айының үшінші онкүндігінде өткізіледі.

Ақпарат алу үшін байланыс телефоны – 26-20-32.



ТАҒЫМ



«Адам өмірге қонақ» деген қағидаға күнделікті күйбең тірлікте аса мән бере қоймайтынымыз бар-ау. Жылдар жылжыған сайын ардақ тұтар ағаларымыздың қатары кеміп бара жатқаны жанымызды жайсыз сезіндіреді. Тек көз жапып қалғанда ғана «шіркін дүние-ай, ол қандай азамат еді» деп қимастықпен жанымыз жудеп, онының отырғанымыз сол. Тіршілікте сыйласқан кадрлілердің шын бағасына жетпейтініміз өкінішті-ақ.

Міне, еліміздің осындай көрнекті азаматтарының бірі де бірегейі біз білетін марқұм ағамыз Абдолла Дәулетұлы еді. Асыл аға, абыз ақсақалды біздің Сыр бойы халқы үстіміздегі 2019 жылдың 27 шілдесінде ақтық сапарға шығарып салды.

# Ардақ тұтар аға еді

Адамның мына жарық жалғанда жүріп өткен ғұмыр жолын еске алу, ой елегінен өткізу оңай емес. Десе де, алыс-жақын таныс-біліс, қызметтес, жора-қолдас, аға-іні бола білген зиялы қауым өкілдері, еңбек адамдары өздерінің барлық болмысымен адамгершілікті, парасаттылықты паш еткен азаматтың қатарына бірауыздан Абдолла Дәулетұлын қосқан еді десек, артық айтпағанымыз. Расында, ол қазақтың нағыз ақылына ажары сай, пайым-парасаты биік, біртуар болымды перзенті болып дүниеге келді.

Әбekenің облыс тарихында айрықша атап айтарлық өзіндік орны бар. Қасиетті Шиели топырағында дүниеге келіп, Қызылорда қаласында жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, қатардағы ұстаздықтан бастап, сол дәуірдегі басшы билік пен қоғамның жетекші күші – партия қызметінде айналып өңек еткен Сыр өңірінің санаулы сандық азаматының бірі болды.

Өзі куәгері де, атқарушы да болған екі қоғамдық формация, екі ғасыр тоғысындағы заман ағымына араласты, заман ағымды туралы жан жүрегің толғады. Сол жылдары облыстық партия комитеті, әкімдікті басқарған тұлғалардың елі мен жерге жер мүддесі үшін атқарған еңбектерін, тарихтың тағалымы ретінде жазып қалдырды, ауызбен айтып үлгерді. Жастарға өнеге, үлгі, тәрбие мақсатында ақыл-көңесін беріп отырды. Өскелең ұрпаққа қамқоршы, ұлағатты ұстаз еді. Облыс көлемінде аузы дуалы абзал аға, кадрлі ардагер ретінде сыйлы болды. Ақсақал жасында өзіннің туабытты қасиетімен қоса, төңірегіне шарарапты шауқ шашып жүрген көркем мәнізімен кенінен танылды.

Жалпы, ағамыздың бар ғұмырын сарп етіп, өр қайрат жігерімен қарымды қызмет атқарған, ауқымды өмірлік даму салалары – білім жүйесінде, партия, әкімшілік органдарында, өзі табан аудармастан 10 жыл бойы басқарған халықтық бақылау комитетінде біліктілігі мен білімділігі, алғырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен иманды шындық. Асылында, Әбекең облыстық партия комитетінің жай нұсқаушылығынан бастап, белді екі бөлімін (идеологиялық және ұйымдастырушылық-қарлы) менгерушілігіне дейін көтерілген. Аймағымыздың тарихи-тағдырлы, өміршен мәселелерін шешуге барынаша белсенді атсалысқан.

Ағаның партиялық қызметіне біз толыққанды баға бере алмаймыз. Оған өреміз де жетпейді. Бұл жағын өзімен жұмыста, үзентілес, әріптес болған азаматтардың үлесіне қалдырғанды жөн көрдік. Тек ка-

на ағаның бізге туыс және жасы үлкен қамкор ретінде, көрген жерде «Бауырым, жағдайың қалай?» деп іштартып, хал-ахуал сұрағанының өзіне әжептәуір марқайып қалатынбыз. Тегі жылы қабақ пен сезімтал сөз жан тебірентеді емес пе?! Оның үстіне бұл лебіз өзін құрмет тұтатын тұлғаның аузынан шығып жатса...

Бүгіндері асыл жанның орны үнірейіп бос қалғанына 40 күнге жуықтап отыр. Ағамызды асқар таудай арқа тұтушы едік, ақылмызға ақыл қосатын. Алдымызда жүргенде осындай туысымыз бар деп, төбеміз көкке жетердей қуанып, масаттанып жүретін едік. Ағамен жүздесіп жүрген күндеріміз үшін тағдырға мың да бір алғыс айтамын. «Тұрғанбай-ау, өзін жайлы мына толғаныстан туған дүниені айна қатесіз ақиқат деп қабылдасың» деп мен туралы жазған «Антына адалдық» атты мақаласы төндесі жоқ ұлағатты сөз болып қала беретіні сөзсіз. Есімде қалған тағы бір тағалымды сөзі «Қашан да қолға алған іске адал болғайсың» деген кәмілден шыққан мол әлем, келеті кеңесі еді. Осы айтқанға қасиетті сөздерің менің жүрегіңде ерекше орын алуда. Тірі жүргенімізде ақжарқын пейілден рахмет айтуға да жарамағаныма енді пұшайман болып, қабырғам сөгіліп отыр. Жаныңыз жәннатта болсын, ағатай!

Биік бәйтеректің саясы да көлемді. Тек Түрекеңе ғана емес, ағайындық қатысы жоқ, маған да Әбекеңнің көленкесі көп түсіп, «Серікжан, сен басқарып отырған қалалық нан зауыты – бүкіл Қызылорда тұрғындарынан нанмен қамтамасыз ететін жалғыз өндіріс орны. Сондықтан саған сын көп, байқап жүр, абыр-оймен жүр, айналайын» деуші еді қамқорлығын білдіріп. Айбыннан ат үркітін облыстық халықтық комитетінің билдей басшысының бұл жанашырлығы мәнгі естен кетер ме?

Ағамыз облыстық ардагерлер кенесінің алқа мүшесі болып та өңіріміздің өркендеуіне ақылман ақсақалдығымен үлгілі үлес қосып отырды. Оған бұл кісінің мол тәжірибесі, парасаттылығы жетіп жататын.

Сонымен қатар, 2001 жылдан бастап Қызылорда облыстық әкімдігі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымын өз қолымен құрып, 7-8 жылдай басқарып, өз еркімен артынан ерген ізбасарларына аманат етіп тапсырған болатын.

Дүниеден өзі озғанымен, көзі көргендер көңілінен біраз уақыт кетпейтін жандардың бірі, тіпті бірегейі біздің абыз ақсақалымыз Абдолла Дәулетұлы болатын. Оның бүкіл өмір жолы Қызылорда облысының тыныстыршілігімен тығыз байланысты. Өйткені бұл кісі өмірімізде иде-

логия майданының ірі майталманы болды. Облыстың 5 бірдей басшымен қоян-қолтық іргелес жүріп, иық төнесіріп жұмыс атқарды. Бұл кісінің жан дүниесі терең, ой-ағымы бөлек, танымы мен наным айқын, мәдениетінің жоғарылығы, өзіне тән төл ерекшеліктері болатын. Көргені көп, білгені көп, естігені көп, өзінің ұстанымы бар, айтар-бойы да, ойы да, ниеті де тазанын, ешкімді реңжітпеген, қатты сөзі жоқ болатын.

Иә, ағамыз адалдықтың ақ туын жықпай, кірлетпей кеткен асыл жан ретінде есте қалды. Тек артындағы өнегелі сөздері бүгінде ойға оралуда. Ол кісіні білетін туыс-бауырлар, жақын-жуықтарының барлығы да ол туралы осындай терең толғамды күйі кешуде деп топышлаймыз.

Әбекеңнің 2009 жылдың 8 тамызында «Сыр бойы» газетіне берген сұхбатының соңында айтқаны: «Мен бүкіл өмір жолымда тек екі салада қызмет істедім. Біріншісі – халық ағарту жүйесі, ұстаздық, екіншісі – партия қызметі. Біздің түсінігінде бұл қасиеті мол әлем, өйткені негізгі құрамы көп салды адал коммунистерден тұратын кешегі компартияның түпкі мақсаты ретсіз, негізсіз бұрмалаушылыққа бармай қам жегені халықтың қамы мен жағдайы болатын. Тек кейінгі кезде сонау жоғарғы басшылықтағы дүниекоңыздықтың құлпына айналған ат төбеліндей тұрақсыз, нысапсыз, мансапкор пенделердің партия беделін түсіргені өкінішті-ақ.

Иә, облыстың құрметті азаматы, дербес зейнеткер А.Дәулетұлының өмір және еңбек жолын жүзқалап саралап, көрген бұл жазбаңыз сол қоғам, оған өзгерістер мен құбылыстардың ортасында болған куәгер ретінде айтылған сөз сарасы деп біліңіздер. Ол өмір жолында іскерлік пен ізгілік, адамгершілік пен адалдық танытып, әр уақытта ар-ұят жетегінде жүрді деуге болады.

Әбекең гібратты ғұмырында аса құрметті әке, ата, отбасының үлкен жанашыры, ұйытқысы бола білді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Оларға өмірлік жол көрсетіп кетті. Өмірлік қосағы Елена Сыздыққызын биатып мол дәресіне дейін көтеріп кетті деуге болатын шығар. Марқұмын бұл фәни дүниедегі байлығы да, бақыты да осы болса керек. Жапқан жерін жарық, орнын пейіштің төрінен болғай, жан аға...

**Тұрғанбай МАХАНОВ,**  
**«Қызылорда облысының Құрметті азаматы»,  
Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,  
облыстық ардагерлер кенесінің төрағасы.**

## Қазақстан Республикасының азаматтарына әлеуметтік қолдау көрсетуі

«Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығына бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша біржолғы тәртіппен мынадай көмек көрсетіледі:

2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерде және микроқаржылық ұйымдарында қалыңдығында **3 млн теңгеге дейінгі кепілсіз тұтынушылық қарыздар** бойынша берешегі бар және төменде көрсетілген санаттардың біріне жататын азаматқа:

- көп балалы отбасылар;
- асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты төлем алатын отбасылар;
- мүгедек балалары бар, 18 жастан асқан бала жасынан мүгедектер бар отбасылар;
- атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алатындар;
- жетім балалар, ата-анасынан көмелеттік жасқа дейін айырылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар бір қарыз алушыға 2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борышы мен оған есептелген бойынша есептелген сыйақыдан тұратын өтелетін берешегінің мөлшері **300 000 теңгеге дейін** өтелетін болады.

Тұлғалардың берешегін өтеу шеңберінде мынадай механизм<sup>1</sup> көзделеді:

<b>2 қыркүйекке дейін</b>	ПКҚ <sup>2</sup> қарыз алушылардың берешегін өтеу үшін ақша ЕДБ <sup>3</sup> және МҚҰ <sup>4</sup> шоттарына аударды.
<b>5 қыркүйекке дейін</b>	ЕДБ және МҚҰ берешекті келісімнің талаптарына сәйкес өтейді, борышкерлерге берешекті өтеу және берешек қалдығының мөлшері туралы хабарлама жібереді.
<b>9 қыркүйекке дейін</b>	ЕДБ және МҚҰ ПКҚ-ға әрбір тұлға және оның қарызы бойынша берешекті өтеу туралы ақпарат береді.

<sup>1</sup> «Қазақстан Республикасы азаматтарының қарыздық жүктемесін азайту үшін қаражатты пайдаланудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының жобасы  
<sup>2</sup> «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ  
<sup>3</sup> Екінші деңгейдегі банктер  
<sup>4</sup> Микроқаржы ұйымдары

<b>13 қыркүйекке дейін</b>	ПКҚ ЕДБ мен МҚҰ берешегін өтеу туралы ақпараты бар адамдардың тізімін Ұлттық банк пен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне береді.
<b>1 қазанға дейін</b>	ЕДБ және МҚҰ алынған сома мен жалпы берешек қалдығы арасындағы оң айырма мөлшерінде ПКҚ-ан түскен соманы қайтаруды жүзеге асырады.
<b>5 қазанға дейін</b>	ПКҚ еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде пайдаланылмаған қаражаттың қалдығын қайтарды.

2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктерде және микроқаржылық ұйымдарында кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша есептелген айыппұлдар мен өсімшудың (тұрақсыздық айыбы) бар азаматтарға тұрақсыздық айыбының есептелген сомасын толық есептен шығару жүзеге асырылады.

**2019 жылғы 20 тамызға дейін** ПКҚ ЕДБ-мен және ХҚҰ-мен жасалған келісімдер негізінде айыппұлдар мен өсімақылар бойынша есептен шығарылған берешектің 30%-ын өтейді.

**Қарыз алушыға екінші деңгейдегі банкке, микроқаржылық ұйымына немесе басқа ұйымдарға өтініш беру талап етілмейді, өйткені берешекті өтеу және есептелген айыппұлдар мен өсімшуды есептен шығару Жарлықта көзделген санаттарға сәйкес уәкілетті орган қалыптастырған азаматтар тізімі бойынша екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржылық ұйымдары дербес жасайды.**

Көрсетілген жұмыс нәтижелері туралы әрбір қарыз алушының екінші деңгейдегі банк/ микроқаржылық ұйымы хабардар етеді.

**ҚР Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы.**

## Конкурс өткізу туралы хабарландыру

**Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бос тұрған шаруашылық жүргізу құқығындағы «Табиғат» мемлекеттік коммунальдық кәсіпорнының директоры лауазымына орналастуға конкурс жариялайды.**  
**Кәсіпорнының мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №60 А үйі, анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 400779, факс 8 (7242) 231901.**

**Кәсіпорнының негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** Қызылорда облысында мемлекет меншігіндегі су шаруашылық жүйелерін және құрылыстарды күтіп ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғат пайдалануды және орман өсірудің шектеулі режимі бар орман саябақтары, жасыл және қорғаныш аймақтарын құру болып табылады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жаратылыстану ғылымдары (экология, инженер, гидрология); ауылшаруашылық ғылымдары (су ресурстары пайдалану және су ресурстары, агрономия, зоотехника, орман ресурстары және орман шаруашылығы), техникалық ғылымдар және технологиялар (тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау, құрылыс), әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе құқық (құқықтану) мамандықтары бойынша жоғары білім.

Мамандығы бойынша экономика саласы

кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілінің болуы.

Компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істей білу (Word, Excel, Outlook).  
**Кәсіби қызметті тиімді атқаруға қажетті құзырреттер:** Қазақстан Республикасының Конституциясына, Су кодексіне, Еңбек кодексіне, «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, және осы кәсіпорнының қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі.

Сондай-ақ бекітілген кәсіпорын басшысының біліктілік талаптары мен лауазымдық нұсқаулығының негізінде конкурсқа қатысушылардың кәсіби білімі.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндіме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқталығаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бас тапқы медициналық құжаттама нысандары бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі атқару-

шысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.с.) бере алады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік кәсіпорының басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның қандайда бір кәсіпке келісуі» Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру және құжаттарды қабылдау осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнітузбелік 15 күн ішінде Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында жүргізіледі.

**Мекен-жайы: 120008, Қызылорда қаласы, Сұлтан бейбарис көшесі №1 («Облыстық мекемелер үйі») 2-қабат, 231-бөлме.**  
**Анықтама телефоны: 8(7242) 605361.**

**Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының конкурстық комиссиясы.**

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпорының палатасы **«Кәсіпорны үшін сервистік қолдау»** компонентінің жүзеге асырылып жатқандығын хабарлайды.

Төмендегі қызмет түрлері онлайн түрде **www.servicem.kemeken.kz** порталы арқылы көрсетіледі:

1. бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. кеден рәсімдері бойынша қызметтер;
3. кәсіпорындардың және кәсіпорны бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу және қамқорлау;
4. заң қызметтері;
5. маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер;
6. ақпараттық технологиялардың қызмет көрсетуі саласында кеңес беру қызметтері;
7. мемлекеттік сатып алулар, ұлттық компаниялар мен жер қойнауын қолданушылардың сатып алулары бойынша қызметтер;
8. мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы қызметтер.

**Сондай-ақ, Қызылорда қаласындағы Кәсіпорныға қызмет көрсету орталығында төмендегі қызметтерді офлайн түрде алуға болады:**

1. бухгалтерлік және салық есептілігін жүргізу, сондай-ақ статистикалық есептілікті жасау қызметтері;
2. кәсіпорындардың және кәсіпорны бастамасы бар тұрғындардың өтінімдерін сүйемелдеу;
3. маркетинг сұрақтары бойынша қызметтер.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-032, Call-Center – 1432.**

Толығырақ мәліметті Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының Кәсіпорны палатасының Кәсіпорнылерге қызмет көрсету орталығына алуға болады.

Қызылорда облысының Кәсіпорнылер палатасының аудандарда орналасқан филиалдары жанындағы Кәсіпорнылерге қолдау орталықтарында қызмет түрлері кәсіпорындардың өтініштеріне сәйкес ұсынылады.

**Кәсіпорнылерді қолдау орталықтарының мекен-жайы:**

Арал ауданы, Арал к., Бастыбай батыр к-сі №46 үй, тел.: 8/72433/79199.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Өйтеке би к-сі №9 үй, тел.: 8/72438/79243.

Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Жалантөс баһадүр к-сі №23 үй, тел.: 8/72433/79199.

Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Көшербаев к-сі №36 үй, тел.: 8/72437/79120.

Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі №47 үй, тел.: 8/72431/79199.

Сырдария ауданы, Сырдария кенті, Қонаев к-сі № 12-А үй, тел.: 8/72436/79179.

Шиели ауданы, Шиели кенті, Рысқұлов к-сі №5 үй, тел.: 8/72432/79255.

Жанақорған ауданы, Жанақорған кенті, А.Иманов к-сі №171 үй, тел.: 8/72435/79120.

Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-032, Call-Center – 1432.**

## Хабарландыру

Қызылорда облысының кәсіпорнылер палатасы облыс тұрғындары үшін **АҚПАРАТ-ТҮІК ҚЫЗМЕТ ҰСЫНАДЫ.** Түсініктілік ақпараттық қамту қызметі әрекет етуші және кәсіпті жаңадан бастаған кәсіпорнылерге, сонымен қатар кәсіпорнылер бастамасы бар тұрғындарға облыстың барлық аудандарында орналасқан Кәсіпорнылерді қолдау орталықтарында көрсетіледі.

**Келесідей қызмет түрлері ұсынылады:**

- 1) Орта және шағын кәсіпорнылерді, кәсіпін жаңадан бастағаны келетін тұрғындарды мемлекеттік қолдау жайлы ақпараттандыру
- 2) Шағын және орта кәсіпорнылер субъектілерін қолдау үшін «Бір терезе» ұстанымы негізінде мемлекеттік қаржылай емес көмек түрі
- 3) Орта және шағын кәсіпорнылерді, жаңадан басталатын мемлекеттік субъектісіне мемлекеттік қаржылай емес көмекті функциональды түрде жүзеге асыру
- 4) Қаржылай емес көмекті алу үшін шағын және орта кәсіпорнылерден және кәсіпорнылерді жаңадан бастағаны келетін тұрғындардың арызын жинау.
- 5) Кәсіпорнылерімен айналысу үшін, оны ашу және жүргізуге

кеңес беру қызметі

6) Қаржы институттарымен жұмыс жасау талаптары түсіндіру.

**ҚЫЗМЕТТЕР АҚЫСЫЗ ТҮРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ.**

**Кәсіпорнылерді қолдау орталықтарының мекен-жайы:**

Арал ауданы, Арал к., Бастыбай батыр к-сі №46 үй, тел.: 8/72433/79199.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Өйтеке би к-сі №9 үй, тел.: 8/72438/79243.

Қазалы ауданы, Қазалы қаласы, Жалантөс баһадүр к-сі №23 үй, тел.: 8/72433/79199.

Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Көшербаев к-сі №36 үй, тел.: 8/72437/79120.

Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Қазыбек би к-сі №47 үй, тел.: 8/72431/79199.

Сырдария ауданы, Сырдария кенті, Қонаев к-сі № 12-А үй, тел.: 8/72436/79179.

Шиели ауданы, Шиели кенті, Рысқұлов к-сі №5 үй, тел.: 8/72432/79255.

Жанақорған ауданы, Жанақорған кенті, А.Иманов к-сі №171 үй, тел.: 8/72435/79120.

Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы №16, тел.: 8/33622/23527.

**Анықтама үшін телефон: 40-08-74, 40-02-032, Call-Center – 1432.**



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қазгермұнай» БК» ЖШС атынан Сіздерді Мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Біз сіздердің ерліктеріңіз бен батылдықтың арқасына шексіз құрмет пен алғыс білдіреміз!

«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры М.К.МҰСТАФАЕВ

«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Тянь КЭЦЯНЬ



ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА 120 жыл



орденінің иегері Тамара Асар әннен тарту жасады.

Салтанатты шарадан соң «Номад палас» мейрамханасында сала ардагерлері мен қызметкерлерге арналып дастарқан жайылды.

Кешке орталық алаңда мұнайшылар күніне арналған гала-концертке қала жұртшылығы мен қонақтар көп жиналды.

Мұнайшылар мерейтойының өз деңгейінде өтуіне «ҚазГермұнай» БК» ЖШС қаржылай демеушілік көрсетті.

МАРАПАТ БИГІНДЕГІ МҰНАЙШЫЛАР



Мұнай – біздің еліміздің басты бағдары, асыраушысы, мақтанышы. Еліміздің бұл саланы игергеніне ғасырдан астам уақыт болды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Аймақ мұнайшыларының төл мерекелеріне арналған шара Н.Бекежанов атындағы драма театрыда ұйымдастырылды.

Биылғы жылы тағы 1,1 млн тоннаға қысқарады деп отырмыз, – деді облыс әкімі.

Кезінде Күмкөл кенішінің ашылуы – Сыр өңірінің мұнайлы өлке ретінде дамуы мен өнеркәсіптік аймаққа айналуының негізін қалады.

Қазіргі таңда аймақта 22 компания жұмыс жасаса, оның 11-і өндірумен, 11-і барлаумен айналысады.

Шара барысында мұнай саласына саналы ғұмырын арнаған ардагер Ұзақбай Қараалин әріптестерін төл мерекелерімен құттықтады.



Қазақстанның кара алтынды игеру тарихы мен экономикамыздың ілгерілеуіне қосқан үлесі жайлы ақпаратпен бөлісті.

Жер байлығын зерттеген, қазақ елінің жерасты қазынасын халық несібесіне айналдырған, ғылым мен техниканың дәуір дінгегін даралаған мұнай саласының мықтылары марапат биігінен көрінді.

600-ден астам сырбойлық мұнайшыға кәсіби мереке қарсаңында түрлі номинациялар тапсырылды.

Мерекелік жиында Елена Әбдіхалықова «Мұнайшы біздің жігіттеріміз!» әнін шырықп, көрермен көңілін бір серпілті.


Ауылдағы стадион

Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылында абағанды жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

спорт алаңқайлары орналасқан. Ашық сахнадан ауыл тұрғындары өнерпаздардың өнерін тамашалайды.

Өткен жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға орталық алаң мен саябақ салынған еді.

Абағанды жұмыстары биыл да жалғасын тауып, ауылдан 150 орындық стадион бой көтеруде.



Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы, Ақтан батыр ауылы.

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректілікті бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрлымы бойынша көптеген еректер ерте ме, кеш пе созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады.

Мұнда да ісінен қуық асты безі простатиттегі сияқты уретралды және ұрық жасадарын жабады, осыдан зәр шығаруды бұзылуы пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады.

зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыңға келтіреді. Препарат қуық асты безіндегі, несеп қалтағы және уретралды каналдағы қабынуды басады.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорабына тапсырыс бергенде -20% жеңілдік, ал 4 қорабына -40% жеңілдік жүрүде.



«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 (727) 345 11 11 (көп арналы) телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.

Advertisement for Syrbой media featuring contact information, subscription rates, and a list of services.